3 Мұнайшы – еңбектің ер өкілі

7 Қара кетпеннің иесі

30 тамыз, жұма 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№133-134 (20807-20808)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

Конституция күні құтты болсын!

РЕСМИ

ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

2 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды.

Жиынға Сенат пен Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, Ұлттық құрылтай, Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қоғам өкілдері және еңбек ұжымдары қатысады.

Президент Жолдауында еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты мәселелер қамтылады.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ДАМУ ҚАРҚЫНЫН САҚТАП ҚАЛУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен еліміздің 2025-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, республикалық бюджетке қатысты бірқатар маңызды заң жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті.

Жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Бүгінгі Үкімет отырысында 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы да жан-жақты талқыланды. Үкімет басшысы оның маңыздылығын атап өтіп, орталық және жергілікті атқарушы орган басшыларына нақты міндеттер жүктеді.

3-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САЛА БАСШЫЛАРЫНА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен кеңесте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының жүзеге асырылуы, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерді қалпына келтіру жұмыстарының барысы қаралды.

Мәжілістен кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

– Өздеріңізге белгілі, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл 6 900 орындық 10 мектеп, 2025 жылы 5400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ең бастысы, құрылыс сапасына баса мән беру керек, тағы бір талап – жұмысты уақытылы аяқтау. Бөлінген қаражатты тиімді пайдалану қажет.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын ұйымдастыруда аса жауапкершілік танытуды тапсырамын. Абаттандыру, санитарлық тазарту жұмыстарын уақытылы, үздіксіз жүргізу керек, – деді Н.Нәлібаев.

Жайлы мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыруға, жол салуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді. Мердігерлер анықталып, жұмыс атқарылуда.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстарына 443 мыңнан астам адам қатысты.

Экологиялық акцияны одан әрі жүйелі жалғастыру үшін коммуналдық қызмет мекемелері жаңа техникалармен қамтамасыз етілуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТ

АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТАУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай салтанатты жиын өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Сахна төріне алдымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы әкелініп, Гимні орындалды. Аймақ басшысы Сыр жұртшылығын еліміздің ең басты мемлекеттік мерекесімен құттықтап, Ата заңды ардақтау – әрбір қазақстандықтың асыл парызы екенін атап өтті.

– Президент бастамасымен 2022 жылы әділетті Қазақстан орнату мақсатында өткізілген референдумда халық ауқымды конституциялық реформаға бірауыздан қолдау білдірді. Ата заңға маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқару моделін жаңғыртуға бірденбір негіз бола білді. Халқымыздың әл-ауқаты артып, ел экономикасы одан әрі дамыды, – деді облыс әкімі.

Баяндама барысында өңірде атқарылып жатқан нәтижелі жұмыстар туралы сөз болды. Жыл басынан бері барлық көзден 296,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Жыл соңына қарай бұл көрсеткіш жарты триллионнан асады деген болжам бар. Осыдан екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге дейін өсті. Ол негізінен аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталып отыр. Атап айтқанда, биыл ұзындығы 300 шақырымнан асатын автомобиль жолы жөндеуден өтеді.

Бұдан кейін сапалы жолдар үлесі 92 пайыздан артады. «Сексеуіл, «Төретам» кенттері, Абай, «Ақсу», Шәменов, Сейфуллин, Тоқмағанбетов, «Алмалы», Досбол датқа, «Бестам», «Төменарық» ауылдарына газ барады. Сөйтіп, өңірдің табиғи отынмен қамтылу көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Халықты орталықтандырылған ауызсумен қамту мәселесі 2025 жылы толық шешіледі. Соңғы 2 жылда тұрғындарға 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың адамның баспана мәселесі шешілді. Осылайша тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға жетті.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Біздің Ата Заңымыз – мемлекеттігіміздің іргетасын қалап, ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамның бірлігін қамтамасыз еткен ең басты әрі маңызды құжат. Ондағы ұстанымдар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін айнымас құндылықтарға айналды.

Заң үстемдігі салтанат құрған ел болуда қоғамның әрбір мүшесінің иығында жауапкершілік жүгі бар. Әділетті Қазақстан құру жолындағы мақсат-мұраттарға жету үшін елімізде әлеуметтік-экономикалық реформалар қолға алынды. Ата Заңымыз барлық саладағы жетістіктеріміздің берік тұғыры болып саналады.

Жалпыұлттық референдумда жаңартылған бас құжатымыз елдің саяси жүйесін демократияландырып, халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін ауқымды өзгерістерге жол ашты.

Бірлікті берекенің бастауы деп білетін, тәуелсіздік құндылықтарын қастерлейтін Қазақстан халқымен бірге сырбойылықтар да бұл мерекеге толағай табыстармен келді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды істер қолға алынды. Жұртшылыққа ең қажетті әлеуметтік, инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асуда.

Қадірлі қауым!

Мемлекеттік мереке күні отбасыларыңызға бірлік пен береке, мықты денсаулық, ырыс-несібе тілеймін.

Еліміз тыныш, бірлігіміз бекем болғай!

Құрметпен,
облыс әкімі
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Мерейлі отбасы-2024» байқауының облыстық кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды марапаттап, алдағы Конституция, Отбасы күні мерекелерімен құттықтады. Айталық, биыл байқаудың облыстық кезеңіне қатысқан 256 отбасының арасынан оза шыққан 16 отбасы жүлдеге лайықты деп бағаланып, сый-құрметке бөленді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді» деген болатын.

Елімізде 2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні, 2014 жылдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Мерейлі отбасы – береке-бірлігімен, тәлім-тәрбиесімен, қалыптасқан қағидасымен, асыл қасиеттерімен баршаға өнеге.

8-бет

САПАР

ЖАҢА МЕКТЕП, ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС, «ҚАМҚОРЛЫҚ» – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

«ТӨМЕНАРЫҚ» АУЫЛЫ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Конституция күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, «Төменарық» елді мекеніне газ қосу рәсіміне қатысты.

2-бет

Валюта бағамы $ 481,22 kzt € 534,46 kzt ₽ 5,27 kzt

Ауа райы +30⁰ +32⁰ +30⁰ +32⁰

АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТАУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

– Қаламызда 10 мың орындық орталық стадион, «Оқушылар сарайы», музыкалық колледж, үстел теннисі орталығы, өлкетану музейі бой көтеріп келеді. Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынуда. Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған орталық алаң демеушілер есебінен жаңғыртылды. Бұл – қолға алынған жұмыстардың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады. Осындай берекелі істеріміз бірлікті бекем ұстап, татулықты ту еткен өңір тұрғындарының ауызбірлігінің арқасында іске асуда. Аталған жұмыстардың барлығы азаматтарымыздың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, – деді облыс басшысы.

Салтанатты іс-шарада заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлес қосып жүрген жерлестеріміз мерекелік марапатқа ие болды. Сот саласының ардагері Зина Жаңбыршаева, Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Ауған соғысының ардагері Марат Аманқұлов, Қызылорда қаласы прокурорының орынбасары Ұзақбай Дәуқараев, облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары Ұзақбай Оразгелді және өзгелер облыстың ең жоғары наградасы – Құрмет грамотасына ие болды. Тағы бірқатар азамат облыс әкімінің Алғыс хатына лайық деп танылды.

Салтанатты жиын облыс өнерпаздарының мерекелік концертімен қорытындыланды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Санаулы күннен соң жаңа оқу жылы басталады. Өңірде дайындық қызу жүруде. Өткен жылы 330 мектепте 181 804 бала оқыса, биыл 184 924 оқушы білім нәрімен сусындайды. Ал 1-сыныпқа 17 383 бала қабылданады.

− 1 қыркүйекте «Мектебім – мейірім мекені» атты тақырыпта білім ошағының барлық қауымдастығының қатысуымен, 1-11 сынып оқушылары үшін салтанатты шара өтеді. 2 қыркүйекте «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары болады.

Осы ретте айта кетуіміз қажет, 1 қыркүйек жексенбіге сәйкес келгендіктен, бұл күні жұмыс жасаған педагогтерге «Еңбек кодексіне» сәйкес ақы төленеді немесе басқа күндерде демалыс қарастырылады. Бұл жөнінде мектеп әкімшілігі шешім қабылдайды. Жаңа оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Сондай-ақ, тілдерді кезең- кезеңімен оқыту шеңберінде 3-сыныптарға «Шет тілі» пәнін оқыту енгізілсе, «Көркем еңбек», «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерін бөліп оқыту жалғасады, − дейді облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

Биыл оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтілмек. Одан бөлек өңірде 15 мектепте 1-сыныптан бастап шахмат арнайы пән ретінде оқытылады. Қазіргі таңда бастауыш сынып мұғалімдері арнайы біліктілік арттыру курстарынан өтуде. Цифрландыру және интерактивтік технологияларды оқу процесіне енгізу бағытында да түрлі шаралар атқарылуда. Мәселен, балалар қауіпсіздігін, асхана мен кітапхана жұмысын цифрландыруға облыстық бюджеттен 120 млн теңге қаржы бөлініп, 87 мектепке аппараттық бағдарламалық кешен орнатылды.

Мектептерде 865 жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытатын кабинет болса, биыл 56 жаңа пәндік кабинет сатып алуға 496 млн 871 мың теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ қала мектептері 484 интерактивті панель, 14 мектеп ЛЕД-экранмен жабдықталуда. Ал бастауыш сынып және ерекше қажеттілігі бар балалар үшін 17 интерактивті логопедтік құрылғы орнатылуда.

− Аймақта 6 IT мектеп-лицейге жасанды интеллект элементтерін тереңірек меңгерту үшін 878,2 млн теңгеге адам тәрізді роботтар алынды. «Қазақстан халқына» қоры арқылы ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде биыл 3 мектеп интерактивті және заманауи оқу кабинеттерімен қайта жабдықталуда. Мұнан басқа пилоттық мектеп педагогтері «Жасанды интеллект» және «Гейм Девелопмент» бағыттарымен 6 айлық курстан өтуде. Арнайы біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтер 2025 жылдың қаңтар айынан бастап оқушыларды бағыттар бойынша оқытуды бастайтын болады, − деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, өңірде «Жайлы мектеп» жобасы аясындағы құрылыстар, мектептердегі күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жүруде. Қазіргі уақытта жаңа оқу жылына мектептер толық дайындалған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

ЖАҢА МЕКТЕП, ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС, «ҚАМҚОРЛЫҚ» – ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Аймақ басшысы ауылдарға «көгілдір отын» құбырын тартуда атқарылған жұмыстарға тоқталып, игілікке қол жеткізген тұрғындарды құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде жетілдіру.

Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деп тапсырма берген болатын. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында бұл мәселе кезең-кезеңімен шешілуде.

Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге жетті. Бұл қаражат тұрғындардың жайлы тұрмысына ең қажетті игіліктерге, атап айтқанда, жолмен, ауызсумен, электр энергиясымен, газбен қамтамасыз етуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталды. Биыл аймақта 43 млрд 300 млн теңгеге 300 шақырымнан асатын автомобиль жолдары жөндеуден өтеді. Бұл арқылы жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 92 пайыздан асады. Тұтынушыларға электр энергиясын сапалы әрі тұрақты жеткізу үшін 11 млрд теңгенің 38 жобасы қолға алынған.

Осы жылы аймақта 11 елді мекен газдандырылып, «көгілдір отын» тұтыну көрсеткіші 78 пайызға жеткізілмек. 2025 жылдың соңына дейін барлық елді мекен орталықтандырылған ауызсу құбырына 100 пайыз қосылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Газды пайдалануды бастаған ауыл тұрғындарын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтап, ардагер Темірбек Құтжанов бата берді. Іс-шарада аудан дамуына үлес қосқан азаматтар мен ардагерлер, мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, «Төменарыққа» табиғи газ кіргізу үшін республикалық және облыстық бюджеттен 2 299,8 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «Алия-Сервис» ЖШС 69,3 шақырым құбырды жүргізіп, 10 дана ШРП орналастырды. Осылайша 735 тұрғын үй, әлеуметтік нысандар газдандырылмақ.

Ауылға газ қосу рәсімінен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы туралы айтып, ой-пікірлерді тыңдады. Жиналған жұртшылықтың сауалдарына жауап беріп, барлық ұсыныс ескерілетінін жеткізді.

ЖАҢА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТҚА 400 ОҚУШЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде аудан орталығындағы 400 орындық мектептің ашылу рәсімінде тұрғындарды құттықтады. Жаңа мектептің жанында 200 орындық жатақханасы бар.

Аймақ басшысы өскелең ұрпақтың жайлы мектептерде білім алуы, қосымша білім беру ұйымдарында қабілетін шыңдауы үшін атқарылатын жұмыстарды атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жас ұрпақтың игілігі жолындағы шаруаларға баса мән берілетініне тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс» деп атап өтті.

Биылғы оқу жылы облыс түлектері үшін жемісті әрі нәтижелі болды. Өңіріміз соңғы төрт жылда Ұлттық бірыңғай тестілеудің орташа балл көрсеткішімен республикадағы алғашқы үштікке енген еді. Биыл жиырма өңірдің ішінде бірінші орыннан көрінді. Мемлекеттік грант конкурсына қатысқандардың 76 пайызы, яғни 4 752 оқушы еліміздің жоғары оқу орындарына түсті. Бұдан бөлек, тұрмысы төмен отбасы балалары үшін аймаққа қажет мамандықтарға облыс әкімінің 100 гранты бөлінді. Алдағы уақытта да дарынды балаларымызды, талантты жастарымызды қолдау шаралары жалғасын табады, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты рәсімде Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Самұрат Имандосов жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері Әбдіғаппар Әмірғалиев бата берді.

Іс-шара соңында қонақтар жаңа ғимаратты аралап көрді.

Айта кетейік, биыл Сыр өңірінде білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд 100 млн теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,8 пайызын құрады. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған. Оның 10-ның құрылысы биыл аяқталса, 11 мектеп келер жылы пайдалануға беріледі.

«Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Өткен аптада Шығармашылық-инновациялық орталығының іргетасы қаланды. Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты,

«Ақшатау» ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараттары жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Облыстық бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтті.

Өңірде жеке білім беру ұйымдарының желісі артып келеді. Биылдың өзінде олардың саны 7-ге көбейеді, осылайша жаңа оқу жылында жеке мектеп саны 40-қа жетеді. Соның бірі – бүгінгі зияткерлік мектеп-интернат. Білім ошағы заманауи талаптарға сай қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. Қазір 400-ден астам оқушы қабылданды, оның 64-і мектеп табалдырығын алғаш аттайды.

Ашылу рәсімінен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бастамаларды, қолға алынған жобаларды, алдағы атқарылатын жұмыс жайын талқылады.

«ҚАМҚОРЛЫҚ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

Осы күні Жаңақорған кентіндегі «Қамқорлық» оңалту орталығы да ашылды. Іс-шарада «Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламаларды басқару орталығының басшысы Гүлзия Бидатова, «Қамқорлық» корпоративтік қоры директорының орынбасары Гүлмира Әбілдинова болды.

Аймақ басшысы тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, «Қамқорлық» қоры басшылығына алғыс білдірді.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында медициналық көмекті қолжетімді ету, ана мен бала өлімін азайту, балалар мүгедектігінің алдын алу бағытында нақты міндеттер жүктеді. Біз адам жанының арашасы болған дәрігерлерді жан-жақты қолдауға әрдайым мүдделіміз. Қазір ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде ана мен бала саулығын сақтауға бағытталған маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Биыл денсаулық сақтау саласына 140 млрд теңге қаржы бөлінді.

Бұл мақсатқа бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын республикада 3 облыста ғана бар, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скринингке арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Бюджет қаражатын оңтайлы пайдалану мақсатында осы «Қамқорлық» оңалту орталығының ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді. Озық үлгідегі жабдықтармен жарақталды.

Орталықта жылына 2000-ға жуық баланы оңалтуға мүмкіндік бар. Жоғарыда атап өткеніміздей, осындай заманауи орталық бұған дейін облыстық балалар ауруханасының жанынан ашылған. Ол жүйелі және кешенді тәсілдермен жұмыс жасап, тиімділігін көрсетті. Сондықтан біз мұндай орталықтарды аудандарда да ашу туралы шешім қабылдадық. Алғашқысын Жаңақорған ауданында пайдалануға бермекпіз. Дәл осындай нысан жыл соңында Арал ауданында да ашылады, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада Г.Бидатова, Г.Әбілдинова жаңақорғандықтарды орталықтың ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері Әбибулла Ахимов бата берді. Мұнан бөлек, ардагерлер мен белсенді азаматтар, «Қамқорлық» оңалту орталығының қызметкерлері облыс әкімінің Алғысымен марапатталды.

Іс-шара соңында қонақтар орталық жұмысымен танысты.

Айта кетейік, Сыр өңірінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салу жоспарланған. Өткен жылы елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды.

«БАЙКЕНЖЕДЕГІ» БЕРЕКЕЛІ СӘТ

Қос мереке қарсаңында «Байкенже» ауылындағы 150 орындық мектептің де ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жұртшылыққа ізгі тілегін білдіріп, ауыл тұрғындарының игілігіне арналған жаңа ғимараттың пайдалануға берілуімен құттықтады.

– Бүгін, қос мереке қарсаңында жаңа білім ошағының салтанатты ашылу рәсіміне жиналдық. Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында соңғы жылдары білім саласында маңызды жобалар жүзеге асырылып, заманауи жаңа білім ошақтары көптеп салынуда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жаңақорған ауданында 2 мектеп бой көтереді.

Бүгін пайдалануға берілетін мектеп құрылысы былтыр басталған. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен 936 млн теңге қаралды, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада қоғам қайраткері Сұлтанбек Тәуіпбаев ауыл тұрғындарын құттықтап, ардагерлер ұйымының төрағасы Балтабай Серкінбайұлы бата берді.

Іс-шара соңында қонақтар жаңа ғимаратты аралап көрді.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне кезек беріп, мәселелерін тыңдады. Аймақтың, ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінен мысал келтіріп, алдағы жоспарлар туралы айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Биыл Қазақ мұнайына – 125 жыл. 1899 жылы «Қарашүңгіл» кен орнында мұнай қоры табылып, өндірістің жаңа кезеңі бастау алған. Содан бері «қара алтын» өндірісі ел экономикасын алға сүйрейтін негізгі локомотивке айналды.

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мұнай-газ кешені қызметкерлерін кәсіби мерекесімен, Қазақ мұнайының 125 жылдығымен және алдағы Конституция күнімен құттықтады. Өнер орталығында өткен салтанатты іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасенов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кеңесшісі Гүлшара Әбдіқалықова, сала ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Аймақ басшысы «қара алтынды» игерген, жер қойнауындағы қазына-байлықты халық игілігіне айналдырған мұнайшыларды құттықтап, игі тілегін жеткізді.

– Сыр өңірінде кейінгі жылдары мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жыл басынан бері 296,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 75,6 пайызы – жеке инвестициялар. Жыл соңына дейін жарты триллионнан астам инвестиция тарту жоспарымыз бар.

Мұнай компаниялары да аймақтағы әлеуметтік мәселелерді шешуге, жобаларды

іске асыруға қолдау көрсетуде. Соңғы 10 жылда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына 16 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы аударған. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 15 млрд 700 млн теңге қаржылай демеушілік көрсетті. «ҚазГерМұнай» компаниясы 2 млрд 350 млн теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайын» салуда. Нысан жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беріледі. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің құны 4 млрд 800 млн теңге болатын, заманауи үлгідегі 650 орындық жаңа ғимаратының құрылысы басталды. «ПетроҚазақстанҚұмкөл Ресорсиз» компаниясы жыл сайын түрлі қайырымдылық акцияларына белсене қатысып, 150 млн теңгеден астам қаржы аударып келеді. Еліміз басынан өткерген су тасқыны кезінде «Торғай Петролеум» және «ҚазГермұнай» компаниялары 70 млн теңгенің гуманитарлық көмегін көрсетіп, батыс өңірлерге жөнелтті, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында жер қойнауын игеру саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырды. Бүгінгі күні жаңа перспективалық учаскелерді барлау мәселесі өзекті. Арал шөгінді бассейнінің «Шығыс» және «Батыс» учаскелерінде геологиялық зерделеу жұмыстары жүргізілуде. Оған республикалық бюджеттен 6 млрд 300 млн теңге қаржы қаралған. Биыл «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының бастамасымен «Торғай-палеозой» кен орнында тереңдігі 5 500 метр ұңғыманы бұрғылау басталды.

Жиында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасенов, Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек қызылордалық мұнайшыларды құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

– Осыдан 125 жыл бұрын Атырау өңірінде қазылған ұңғымалардың бірінен мұнай атқылап, Қазақ мұнайының тарихы бастау алғаны белгілі. Осы тарихи оқиға бұрғылау жұмыстарын әрі қарай жүргізуге негіз болды және саланың дамуына серпін берді. Содан 84 жыл өткен соң Сыр өңірінде Оңтүстік Қазақстан мұнай барлау экспедициясы алғашқы терең ұңғыманы бұрғылады, 1984 жылы алғашқы мұнай алынды. Артынша «Арысқұм», «Майбұлақ», «Ақшабұлақ», «Нұралы-Ақсай», тағы басқа кен орындары ашылып, Оңтүстік Торғай ойпатында еліміздің жаңа мұнай-газ орны қалыптасты. Бүгінде мұнай-газ саласы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық қозғаушы күші. Осы орайда саланың дамуына үлес қосқан барлық аға буын өкілдері мен сала қызметкерлеріне, барша Сыр өңірінің мұнайшыларына алғыс айтамын, – деді вице-министр.

Іс-шарада сала үздіктері марапатталды. Оларға Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты, «Қазақстан мұнайына 125 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ДАМУ ҚАРҚЫНЫН САҚТАП ҚАЛУ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі макрокөрсеткіштерінде өсу динамикасы қалыптасқан. Биылғы 7 айдың нәтижесімен Қызылорда облысы республикада көшбасшылар қатарында келеді. Өңірдің экономикалық даму деңгейін сипаттайтын «Жалпы өңірлік өнім» көрсеткішіндегі өсім 2023 жылдың қорытындысымен 5,6 пайыз болды, республикадағы өсім көрсеткіші – 5,1 пайыз. Әрине, бұл – жақсы нәтиже, дегенмен осы қарқынды сақтап қалу өте маңызды.

Облыстық басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері биылға межеленген экономикалық өсімнің жоспарын қатаң бақылауға алып, сапалы орындауы тиіс.

Қызылорда қаласында өңдеу өнеркәсібінің қарқынын арттырудың мүмкіндіктері мол. Қала аумағында өңдеу секторының барлық дерлік саласы – тамақ, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын, жиһаз шығару және тағы басқалары қамтылған. Тек олармен тығыз жұмыс істеп, есептіліктің статистика мен салық органдарындағы сәйкестігін нақтылап, мониторинг жасау керек. Аудандар бойынша да дәл осындай шаралар атқарылуы тиіс.

Әріптестер, экономиканың өсімін тұрақты ұстап тұру оңай шаруа емес. Сондықтан жұмыс қарқынын арттыра түсу қажет, – деді облыс әкімі.

Осы ретте Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне ірі кәсіпорындармен өнім көлемін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, ірі, орта, шағын кәсіпорындардың статистика органдарына айлық, тоқсандық, жылдық есептіліктерді уақытылы әрі сапалы ұсынуын қадағалау жүктелді.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызы жоғары, қаржыландыруды қажет ететін жобалар бар. Бүгінде орталық мемлекеттік органдарға 130 млрд 800 млн теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылды.

Облыс әкімі 2025 жылға арналған республикалық бюджетті бекіту барысында барлық жобаны қаржыландыру бойынша бірлескен нақты жұмыстар жүргізу қажет екенін атап өтті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

МҰНАЙШЫ – ЕҢБЕКТІҢ ЕР ӨКІЛІ

Мұнай-газ саласы – ел экономикасының күретамыры. Мемлекет қазынасын толтыруда да үлесі зор, салмағы басым. Сондықтан Тәуелсіздік жылдарынан-ақ өңірдегі мұнай кенішін зерттеу, оны игеру жұмысы толастаған емес. Бұл межені орындау үшін көптеген компания еңбек етіп, облыстың кіріс көлемін ұлғайтуға әрі білікті кадр әзірлеуге септесіп келеді. Әсіресе, солардың ішінде «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ-ның Сыр өңіріндегі мұнай-газ саласын дамыту жолындағы тарихи жолы баршаға аян. Осы орайда компанияның орталық инженерлік-техникалық қызметінің басшысы Бүркіт Доскаринмен сұхбаттасып, салаға қатысты сауалдарға жауап алған болатынбыз.

– Бүркіт Тоққожаұлы, сала ардагерісіз, мұнай-газ бағытындағы біршама бастаманың куәсі де болдыңыз. Жарты ғасырдан аса тәжірибеңізде аймақтағы мұнай өндіру саласын арттыру, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында еңбек етіп келесіз. Жалпы «қара алтынға» қызығу, аталған мамандыққа бет бұруға не түрткі болды?

– 1955 жылы Атырау облысы Мақат кентінде дүние есігін ашқанмын. Бұл аймақ – мұнайлы өлке. Алғаш ел көлемінде мұнай өндіру де осы аймақтан бастау алды. Мұнайшылардың өмір-салты, қызметіне қанығып өстік. Мұнайшы еңбектің ер өкілі екенін көрдік. Оған қоса мектеп қабырғасында өлке тарихына қызығу салаға ынтамды ашты десек артық емес. Арманымның алғашқы баспалдығы осы кезеңде қаланды.

Әрине, армандау бөлек, нәтижеге жету басқа. 1973 жылы жоғары оқуға түсе алмай, елге оралдым. Ол уақытта Маңғыстаудағы Жаңаөзен қаласында тұратынмын. Сол сәтте «Өзенмұнай» мұнай өңдеу басқармасына жұмысқа орналасуға жол түсті. Басқарма басшысының орынбасары Орынбай Адайұлы Бердіғожинның қолдауымен газ және мұнай өндіру операторы қызметіне орналастым. Небәрі 17 жаста саланы іштен көріп, қызығы мен қиыншылығын сезіндім. Кейін 1974 жылы Совет Одағының әскер қатарына алынып, екі жылдан соң 1976 жылы қызметімді жалғастыруға мүмкіндік туды. Сондықтан мұнай-газ саласына келуіме алдымен бала арман, кейін елжанды азамат Орынбай Адайұлы Бердіғожиннің үлесі мол болды.

– Білуімізше, батыс өңірдегі «Өзенмұнай», «Жетібаймұнай» мұнай өңдеу басқармасында, «Қаламқас», «Қаражамбас» кен орындарында қызмет еттіңіз. Сыр еліне табан тіреу тарихыңыз қалай басталды?

– 1991 жылы Қызылорда облысында қызмет етуге «Мангышлакнефть» ӨБ-ден ұсыныс түсті. Ол жылдары МГӨБ «Құмкөлнефть» «Мангышлакнефть» Өндірістік басқармасының құрамында еді. «Құмкөл» кенішін игеру енді қолға алынған шақ. Әлеует жоғары, күніне 4 мың тонна мұнай өндіріледі. Алайда ұңғылар саны аз, тәжірибелі мұнай саласының мамандары жетіспеді. Сол үшін туған жерден жырақтап, Сыр өңірінің мұнай саласын өркендетуге үлес қосуға келдім.

Алғашқы жылдары «Құмкөл» кенішінде, мұнай және газ өндіру кәсіпшілігі цехының бастығы, орталық инженерлік технологиялық қызметінде еңбек еттім. Артынан «Южнефтегаз» ӨБ өндіріс бөлімін, жерастын күрделі жөндеу басқармасын басқардым.

Сол тұста Мұрат Саламатов, Роберт Бердіғожин, Жеңіс Жалғасов, Жоламан Мәмбетов, Әлібек Сабырбаев, Есқожа Бергенбаев, Кеңхан Айдарбеков, Үсен Ұлықбаев, Болат Қапанов, Жолдас Нұғманов, Сүлеймен Атаниязов, Мұхамбет Сарыбаев, Сергей Егизгарин секілді білікті мамандармен қызметтес болудың сәті туды.

Сыр елінің жас мұнайшы мамандарыменде үзеңгілес қатар жұмыс жасап тәжірибе бөлістім. Олардың қатарында Жағыпар Жұмахметов, Әділжан Ізтілеуов, Әділ Беклиев, Әбдірей Қалымбетов, Бекмағанбет Утепбергенов, Мархабат Жайымбетов, Әбдіхалық Атаниязов, Ұлсерік Сарыбаева сынды әріптестер болды.

– Қызметтік бағдар беріп, жол сілтеген алдыңғы буыннан не үйрендім деп ойлайсыз?

– Орынды сауал. Қарап отырсам, салада жарты ғасырдан астам еңбек етіппін. Қатарымызбен кеңесіп, кейінгіге ақыл-кеңес айтуды парыз санап келемін. Бұл – болсын деген азаматтық ниет әрі алдыңғы буыннан көрген өнеге. Осы сауал орайында кәсіби жолымда бағыт көрсетіп, кеңесін аямаған аға буынды атағым келеді.

Социалистік Еңбек Ері Смағұл Жалғасбаев, Еңбек Даңқы орденінің толық кавалері Қаржаубай Сенгралин, Қазақстан Комсомол сыйлығының лауреаты Ақжан Кадимова секілді ұлағатты тұлғалармен бірге еңбек етіп, тәлім-тәрбие алдым.

Адал жұмыс пен арлы істі насихаттап, еңбектің мән-маңызын жете түсіндірді деуге болатындай. Олардың өнегелі ойларын көкейге тоқып, кәсіби қызметте ғана емес, өмір жолында да жеңіс тұғырынан көрінгеніміз анық.

Біз де өз кезегімізде кейінгі буынның абырой биігінде болуы үшін бар білген-түйгенімізді айтудан тайынбаймыз.

– Сөзіңізде әкелі-балалы Бердігожиндер туралы айтып қалдыңыз. Өнегелі отбасы мұнай саласында айтулы жетістікке жетіп, халықтың ықыласына бөленгені мәлім. Өнегелі әулетпен аралас-құралас, әріптес болғаныңызды білеміз. Аталған азаматтар туралы естелік бөліссеңіз.

– Айтып өткенімдей, мұнай өндіру бағытына бет бұруыма Орынбай Адайұлы Бердіғожин көп септігін тигізді. Ол кісі темірдей тәртіпті ұнататын, нық сөйлеп, турасын айтушы еді. Бізге де ережені сақтауды, жұмыс барысында жөнсіз сөйлемеуді талап ететін. Әділ де шыншыл адам болды. Соғыс ардагері, запастағы капитан әскери шені, қатаң тәртіпті көрген тәжірибесі себеп болғандай. Жұмыс бабында қатал мінезді болғанымен, арда азаматтың көңілі кең, мейірімі шексіз болды. Қайырымдылық ісіне ерекше мән беріп, жетім-жесірге жәрдем етуді назардан шығарған емес. Халық игілігі үшін инфрақұрылым жүргізуде де алда болды. Кейінгіге үлгісі – жұмыста тәртіпке мойынсыну, өмірде мейірімге жақын болу.

Алма ағашынан алыс түспейтіні секілді, Роберт Орынбайұлы Бердіғожинда әкесіндей іске мығым, жауапкершілігі мен адамгершілігі мол азамат екенін таныта білді. Әріптестер арасында абыройға бөленіп, саланың салмағын сезіне алатын басшы ретінде бағаланды. Мұны қызметтес болған әрбір азаматтың растары сөзсіз.

– Білікті маманды бағалау өзекті. Себебі марапат лайықты адамын тапса, салаға жан бітеді. Осы орайда кәсіби жетістігіңізді тарқатсақ.

– Әрине, еңбекке лайықты баға беру – қуанарлық іс. Бұл тұрғыда мемлекет пен әріптестер қолдауын сезінемін. Бүгінге дейін «КСРО еңбек ардагері» медалі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінен «Қазақстан мұнайына 100 жыл» құрмет грамотасы, ҚР Президенті және облыс әкімі мен Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасын иелендім. 2016 жылы «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі, 2021 жылы «Еңбек ардагері» және өткен жылы ХПА РҚБ Қазақстан секциясының «Алтын қыран» медалін алдым.

– Кейінгі жылдардағы мұнай өндіру технологиясы, еңбек қауіпсіздігіне қатысты өзгерістермен таныс боларсыз. Жалпы елдегі мұнай кен орындарында заманауи құрылғыларды қолдану қаншалықты нәтиже беріп жатыр деп ойлайсыз?

– Игілікті пайдалана білген жөн. Әсіресе, мұнай-газ саласында жаңа технологияны игеру, өзгерістерді үнемі бақылау маңызды. Мысалы, Қор» мұнай компаниясы» АҚ Роберт Бердіғожиннің бастамасымен жер астынан алынатын мұнай құрамындағы құм секілді элементтерді тазартуға арналған құрылғыны қолдануда. Бұл өз кезегінде өнімділікті арттырып, сапаны жақсартады. Сондықтан жаңа технологияны пайдаланған жөн.

– Сөз соңында әріптестеріңізге мерекелік лебізіңізді жеткізсеңіз.

– Мұнай-газ саласындағы барша әріптестерді кәсіби мерекемен құттықтаймын! Ел үшін атқарған еңбектің зейнетін көріңіздер. Кейінгі буынның табанды еңбек, қажырлы қызмет етіп Қазақтың көк байрағын желбіретіп алдыңғы қатарлы ел болуын тілеймін!

Қазақстанның экономикалық локомативіне айналған мұнай саласы өркендеп, өсе берсін!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

№133-134 (20807-20808) 30 тамыз, жұма 2024 жыл

Болар елдің

«Сен туған күн – мерекеміз»

Ұшқыш емес кәсібі,
Ұшқыр қалам – нәсібі.
Аспан жақты айналып,
Алшы түскен асығы.

(Кейіпкерге еліктеу)

Европаның осыдан пәленбай ғасыр бұрын жасаған атақты кісілерінің өмірбаянына үңілгенде, туған мезгілінің – жылы, айы, күні, кейде сағаты мен минутына дейін – тайға таңба басқандай хатталып тұрғанын көріп, біртүрлі күй кешетінің рас. Ал біз болсақ, басқа тарихи тұлғаларымызды былай қойғанда, ұлы Абайдың өзін «қайта тудырамыз» деп қызыл кеңірдек айтысқа түсіп, ақырында туған күні – 10 тамыз мереке боп рәсімделген соң ғана мәмілеге әзер келдік емес пе? «Мың өліп, мың тірілген» қазақты жырлаған Жұбан Молдағалиев бұл жағынан «қалың елінің» қамын жеген данышпан ақынға қарағанда әлдеқайда «бақытты» екен, өйткені жеке анкетасын толтырарда анасымен ақылдаса отырып, 1920 жылдың 5 қазанын, яғни Қазақ Республикасының құрылтайы өтіп жатқан мезетті өзінің «туған күні» етіп таңдап алған. Бір жолы классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің төлқұжатындағы жазуға қарап: «Аға, баламыз сізбен бір күнде туған екен... 22 қазан....», – дей бергенімізде: «Әй, біздікі біреулер жай әншейін сүйкей салған нәрсе ғой», – деп шорт кескен. Өзіміз зерттеген көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының жылы белгілі болғанымен, еш жерде көрсетілмеген туған айы мен күні дерегі (10 қыркүйек) Өзбекстанның қауіпсіздік ұйымы берген жалғыз парақ анықтамада жазылмаса, «ақтаңдақ» күйінде қалар ма еді... Міне, қазақ арасында туған күн әуресі мен әуселесінің осылар сияқты мың бір мысалы бар.

Арыдағы бабаларымыз бен берідегі ағаларымыз ғана емес, біздің қатарластарымыздың да бірталайы «екі рет» туған. Тәптіштеп сұрасаң, төлқұжатындағысы – өтірік, ауызша айтқандағысы – шын болып шығады. Кейде оның өзі де дәл емес – «әкем былай дейді...», «шешемнің айтуы бойынша...» деген сияқты күлбілте жоба. Шетінен өзінше бір шым-шытырық сюжеті бар ғажайып фольклор. Тіпті өмірінде цифрдан не әріптен бір қате жібермейтін, ал егер сәл мүлт кете қалса (ол енді өте сирек кездесетін жағдай), сол күні өзін-өзі қуырып бітетін Бауыржан Жұмаханұлы Омаров та дүниеге келгенде «жаңылысыпты». Бірақ ол жәй «жаңылыс» емес. Өйткені ресми (1 мамыр) һәм биресми (12 сәуір) туған күндерінің екеуінде де бір тылсым бар. Неге?

Бауыржанның Арал теңізі құшағына еміниіп жатқан туған ауылы – Қаратерең жеті қат көкпен жіпсіз байланысқан мекен секілді. Аспанға біртабан жақын. Не сиқыры барын кім білсін, бұл топырақтың перзенттерінің көбі қолтығына қанат байлап туады. Алақандай ауылдан отызға жуық авиатор түлеп ұшқаны – соның айғағы. Кейіпкеріміздің өзі әсірелеп айтқандай: «Қаратереңнің ұшқыштарынан толыққанды бір аэродром, үш-төрт ұшу тобын жасақтауға болады». Штурвалға отырмаса да, өз әуежайы болғандықтан, заманында бұл ауыл тұрғындарының ішінде әмбебап «АН-2» ұшағына міниіп көрмегені некен-саяқ. Қаратереңнің төбесіне көбіне бұлт емес, әуе кемелері үйірілетін. 1967 жылдың ақпанында Байқоңырдан сынақ үшін ұшырылған советтік «Союз» кораблі істен шығып, басқа жер таппағандай, осы ауылдың күнбатысын ала бере, Аралдың мұз айдынына құлапты. Ал бұдан ілгеріде, 1960 жылы американдық барлаушы Фрэнсис Гэри Пауэрстың атып түсірілген U-2 ұшағы жолжөнекей сәлем бере кетейін дегендей тура Қаратереңнің үстін кесіп өткен. Қай күні дейсіз ғой? Сол айтылған – 1 мамырда, Бауыржанның құжатталған туған күнінен екі жыл бұрын ақ жолақ із қалдырған.

Ал енді 1961 жылдың 12 сәуірі адамзат тарихын шартты түрде «екі аяқты пенде ғарышқа қадам басқанға дейінгі және одан кейінгі дәуірлер» деп бөліп тастады. Ол күні жүрегінің түгін жайдары жымиысы жасырған Юрий Гагарин көктің қақпасын айқарса, тура бір жылдан соң Бауыржан дүние есігін ашты. Ғарышкерлер күні тұңғыш рет оның кіндігі кесілген шақта тойланды. Тіпті Байқоңырдың өзі оның ауылынан қолсозым жерде: космодромнан көкке енді көтеріліп бара жатқан ғарыш кемесінің от шашқан құйрығын бала күнінде талай рет сарайдың төбесіне шығып тамашалаған. Ендеше, Бауыржан – жаңа заманның бесігінде тербелген, Олжастың «Адамға табын, Жер, енді» поэмасын жаттап өскен, бүгін алпыстың асуына иек артқан тұтас буынның төлбасыларының бірі. Ұялы телефонына «міниіп» алып, виртуалды әлемнің кеңістігінде «ұшып» жүрген қазіргі ұрпақ өкілдерін «цифрлық дәуірдің балалары» десек, олардың аталары, яғни Bauyrzhan&Co өздерін танымал әнші Лев Лещенко шырқайтын әндегідей «Біз – Галактика перзентіміз» деп айта алады.

Ұшқыш не ғарышкер болу маңдайына жазылмаса да, тұңғиық дала түнінің жыпырлаған жұлдызды қияны көзін арбаған бала Бауыржан жүйрік қиялымен ғаламның түкпірін дамылсыз кезді. Сол кезеңнің бестселлеріне айналған Иван Ефремовтің «Андромеда тұмандығы», Герберт Уэллстің «Әлемдер соғысы», ол – ол ма, жерлес ағасы, фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» шығармаларын құмарта да қызыға оқыды. Імия әжесінің тіл мен жақтан алдына жан салмайтын сөзге тапқыр немересі бір күні өзінің жазуға да ебі барын байқады. Шіркін-ай, суға салған қармағын алтын балық қаба қалса: «Менің әжем – Імия, Еркелеймін жымия, Бүкірейген белі бар, Түзетсеңші, дүния», – деп сәби тілегін ұйқастыратындай хәлге жетті. Сөйтіп, басқалардың қолтығына байланған қанат мұның қаламына бітті. Сол ұшқыр қаламы керек кезінде қанатты тұлпардың кейпіне кіріп, Бауыржанға дүниенің төрт тарабын шарлатса, шабыты ұстаған шақтарда – қанатты періштенің бейнесіне еніп, сөздің маржаны мен мәйегін көкейіне ұялатты. Әрдайым сенімді серігі болып, сөз өнерінде де, саясат өрнегінде де оны шыққан биігінен, қонған тұғырынан түсірген жоқ.

«Тас үйлерін тастаған биік өріп, Ассалаумағалейкүм, Нью-Йорк» деп жырлап, Американы бізден бұрын көрген Бауыржанмен бірге 1995 жылдың жазында мұхиттың ар жағындағы «Сэм ағайдың» еліне сапарлас болуымыздың реті келді. Ілгеріде табаны тигесін бе, ол жерде өзін емін-еркін сезінді. Әсіресе масс-медиа атаулыға бас сұққан уақытта көзі жайнап сала береді. Оклахома қаласындағы бір телерадиостанцияға барғанымызда, өздерінің жекеменшік тікұшағы бар екеніне қайран қалдық. Біздің әлі күнге дейін түсімізге кірмейтін жайт. Бауыржан да таңданды, бірақ сасқан жоқ. Өзі он шақты жыл жаяу шапқылап тер төккен «Жас алаш» газетінде осындай әуе көлігін күнде жүгендеп жүргендей, тікұшақтың пилоттар кабинасына оп-оңай секіріп міниіп алды да, қарсы алдындағы неше түрлі батырмаларды шұқып көрді. Тікұшақ та бейтаныс қонақты онша жатсынбайтын секілді. Әбжіл қимылына қарап, «мынауың қайтеді-ай, айдап кетер ме?!» дегендей, американдық әріптестері аузын ашып қапты. Сол сәтте тікұшақтың тізгінін ұстап отырған жігіттің баяғыда өздерінің Пауэрсы фотоұңғыға алған, оны қойшы, басқа планетадан әлдебір аппарат самғап жетсе де таңсық көрмейтін Қаратереңнің тумасы екенін қайдан білсін. Бауыржан тікұшақты қимады ма, әлде тікұшақ Бауыржанды жібергісі келмеді ме, сол арада біраз аялдап қалғанымыз есте.

Әйтеуір оны «аэро»-ға немесе «космос»-қа қатысты нәрселер оқтын-оқтын айналсоқтап жүреді. Мәселен, Бауыржан Жұмаханұлы 1997-1998 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болған кезінде көше аттарын қазақыландыруға және оларға еліміздің көрнекті қайраткерлерінің есімдерін беруге айрықша үлес қосты. Оның бастамасы нәтижесінде бұрын сәйкесінше құрмет жасалмаған Қарасақал Ерімбет, Балқы Базар, Дүр Оңғар, Қаңлы Жүсіп, Шораяқтың Омары, т.б. Сыр сүлейлері, сондай-ақ күллі республикаға және өз аймағына мәлім басқа да тұлғалар атындағы қаз-қатар көшелер тізбегі пайда болды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қадір-қасиетін өз жұрты енді-енді ғана тани бастаған заматта Бауыржан еш кідірместен байырғы астананың орталық даңғылдарының біріне оның атын беру туралы мәселені шешті. Басқа өңірдегілер ырғалып-жырғалып біткенше осындай батыл қадам жасады. Және, бір қызығы, ұзынынан созылып жатқан әлгі көшенің ескі орысша аты «Аэродромная» болатын. Қаланың көне аэропорты да соның бойында орналасқан-тұғын. Ұшқыштарын мақтан тұтатын ауылдың баласы ұлт абыройы үшін осындай «құрбандыққа» барды. Әлиханның дәрпін жоғары асырды.

Бауыржанның шынында да ғарыш дүниесімен қосақталып туғанының тағы бір жанды айғағы бар. Осыдан ширек ғасыр бұрын Байқоңырдың жыр дүлдүлі Шаһизада Әбдікәрімовтің сол космодром аттас тырнақалды жеке жинағын өз қолымен құрастырып, жарыққа шығарды. Қалалық телеарна ашып беріп, оған бастық болуына ықпал етті. Әркез Шәкеңнің ғарыш тақырыбын ұңғыл-шұңғылына дейін білетін оқымыстылығын «Бас конструктор» атанған Сергей Павлович Королевтің өзімен шендестіреді. Тіпті: «Егер ғарышқа турист қана емес, ақын жіберуге де болатын заман туса, қасына Алтай Үсенов пен Дүйсенбек Аяшұлын ертіп, екіүш күн самғап қайтуға қарсы емес», – дейді. Қазір Бауыржан сырбойылық атақты шайырмен бірге әр жазда бауырлас Түркияға барып, теңіздің суына шомылады. Осындайда өзіне ұқсатып сөз қайырсақ: «Осман жұрты ешқайда қашпас, келешекте ақын мен ғалымды ғарыш серуеніне жұптап аттандыратын мүмкіндік туса, жанына Шәкеңді алып, түбін қазса таусылмайтын қазыналы әңгімесін әуе кемесінің ішінде асықпай тыңдап қайтуына болар еді-ау», – дейміз. Туған күнін сол сапарға тураласа – тіпті керемет.

Ал енді кейіпкеріміздің қос туған күнінің қай-қайсысы да – қоғам өміріндегі атаулы даталар. 12 сәуірде ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев дүниеге келген. Соған сәйкес, ресми түрде Ғылым күні мерекеленеді. Бауыржан Омаров болса, сол Сәтбаев негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, мәшһүр әдебиеттанушы. 1 мамыр – елді бірлікке ұйытатын Ынтымақ мейрамы. Оның да мән-мазмұны баяғыдағы ханға кеңес беретін би бабаларының ізін жаңғыртқан, мемлекетшіл мінезінің мәмілегерлік сипаты мол зерделі замандасымызға әдемі үйлесетіні анық.

Астрологтар адам баласының туған күні оның тағдыр-талайына әсер етеді деп, неше түрлі қисынды алға тартып жатады. Мұның қаншалықты ақылға қонымды екенін пайымдау әсте де біздің міндетімізге кірмейді. Тек Мұхтар Шахановтың танымал әніндегі «Сен туған күн – мерекеміз» деген бір қатар жол Бауыржанның дүниеге келген сәтін барша тілектесінің қуанышына айналдырып тұратындай көрінеді.

> *Арыдағы бабаларымыз бен берідегі ағаларымыз ғана емес, біздің қатарластарымыздың да бірталайы «екі рет» туған. Тәптіштеп сұрасаң, төлқұжатындағысы – өтірік, ауызша айтқандағысы – шын болып шығады. Кейде оның өзі де дәл емес – «әкем былай дейді...», «шешемнің айтуы бойынша...» деген сияқты күлбілте жоба. Шетінен өзінше бір шым-шытырық сюжеті бар ғажайып фольклор. Тіпті өмірінде цифрдан не әріптен бір қате жібермейтін, ал егер сәл мүлт кете қалса (ол енді өте сирек кездесетін жағдай), сол күні өзін-өзі қуырып бітетін Бауыржан Жұмаханұлы Омаров та дүниеге келгенде «жаңылысыпты». Бірақ ол жәй «жаңылыс» емес. Өйткені ресми (1 мамыр) һәм биресми (12 сәуір) туған күндерінің екеуінде де бір тылсым бар. Неге?*

«Журфактың Жидебайы жоғалса да...»

Сөзінің жоқ шалысы,
Берекелі әрі ісі.
Жұрттың жанын тербейді
«Қаратерең вальсі».

(Кейіпкерге еліктеу)

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары ҚазГУ-дің журфагында оқыған студенттер кезекке тұрып, таласа-тармаса пайдаланған бір кітап бар. Ол – осы факультеттің тұңғыш деканы, профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың орыс тілінен аударған «Журналист анықтамалығы». Мұқабасы сарғыш, мәтіні майда қаріпті, іші сол заманның БАҚ әлеміне қатысты ақпаратқа лық толы сол қалың кітап қазір көненің көзі ретінде библиографиялық құндылыққа айналып үлгерген. Әр дәуірдің өзіне шақ сөзі, сазы мен сәні бар десек, уақытпен және қоғаммен бірге жылдам құбылатын журналистиканың да әлгі анықтамалықта қамтылған мәселелерінің бірталайы тарихи фактілер жиынтығы қалпына көшіп, бүгінгі медиакеңістіктің өлшемдеріне сәйкеспей қалғаны сөзсіз. Енді осы олқылықтың орнын журналистер қауымы немен толтырмақ? Біздіңше, бұл сауалдың жауабы Бауыржан Омаровтан табылады.

Оның оқулық немесе ғылыми еңбек деуге келмейтін, дәстүрлі анықтамалық пен сөздікке де үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бірақ қазақ журналистикасының соңғы елу жылдық межесін әр қырынан қамтитын екі кітабы бар. Әуелгісі – «11-ші қаламұш», келесісі – «Төртінші билік». Екеуі де – эсселер жинағы. Алғашқысының аңдатпасын қазақ көсемсөзінің корифейі Әзілхан Нұршайықов жазса, кейінгісіне белгілі қайраткер-қаламгер Мұхтар Құл-Мұхаммед кіріспе лебізін білдірген. Мазмұнына жәй көз жүгіртіп қараған кісі бұл қос кітап қазақ журналистикасының жеке өкілдері туралы портреттік дүниелер жинағы деп ой түюі ықтимал. Рас, тұлғалар тағылымына бірінші кезекте ден қойылған; бірақ БАҚ-тың көркем сөзбен көмкерілген, тез жалықтыратын қасаңдықтан ада, жалпы жұрттшылық үшін оқылымды тарихы, теориясы, тәжірибесі – үшеуі бірдей сырты жасыл, іші асыл сол егіз жинақта тоғысқан. Бұл Бауыржанның еті де, сүйегі де өз кәсібімен сіңісіп кеткендігін дәйектейді.

Біріншіден, Бауыржан Омаров – қаршадайынан қазақтың маңдайалды мерзімді басылымдарының «отымен кіріп, күлімен шығып», көрігінде шыңдалған, қазанында қайнап піскен азамат. Университеттегі оқуын бітірмей жатып жастар баспасөзінің флагманы – «Лениншіл жас» газетінің табалдырығын тілші боп аттаса, одан бергі уақытта «Литер Media» ЖШС-нің атқарушы директоры, «Астана хабары» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, «Айқын» газетінің бас редакторы, құрылымына «Ана тілі», «Уйғур авази», «Экономика» газеттері мен «Ақиқат», «Мысль», «Үркер» журналдары кірген «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бас директоры болып қызмет атқарды. Танымал спорт журналисі Қыдырбек Рысбекұлы екеуі тізе қосып, «Ер Дәулет» ақпарат агенттігін құрды. Қазір әрқайсысының ширек ғасырлық тарихы бар – қызылордалық «Қоғам ТВ» телеарнасы мен «Ақмешіт ақшамы» газеті оның ұтқыр қарым-қабілетінің арқасында дүниеге келді. «Хабар» телеарнасында жемісті жұмыс істеп, «Жеті күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасын жүргізді. Бұған Мәдениет және спорт министрлігінде Ақпарат және мұрағат комитетін басқарғанын, бертінде ҚР Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары болғанын қосыңыз. Мінекей, өзгелермен бөлісу үшін БАҚ саласының талантты өкіліне бұдан артық не тәжірибе керек?!

Екіншіден, Бауыржан Жұмаханұлы студенттік аудиториядан ешқашан қол үзген емес. Тәжірибесін теориямен тиімді ұштастырды. Өзі бітірген ҚазГУ-дің журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасында оқытушылықпен айналысып, шәкірт тәрбиеледі. Оны-мен шектелмей, 1996 жылы сол кездегі ректор Бақберген Сәрсенұлы Досмағамбетовтың шақыруымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне проректорлық қызметке барып, осы оқу ордасында «журналистика» мамандығының ашылуына мұрындық болды. Әл-Фараби университеті журфагының сол жылғы бір топ үздік түлегін өзімен бірге ала кетті. Ағайларының соңына ілескен жас мамандардың қатарында қызылордалық Гүлмира Әшірбекова, Әділжан Үмбетов, Асыл Оразова, шымкенттік Аягөз Әбдіразақова, атыраулық Нұрлыбек Ғизатов бар еді. Тұла бойлары иба мен инабатқа толы өрімдей үш қыз Сыр бойында кәсіби журналистік білім берудің негізін қалауға бар ынты-шынтымен атсалысты. Сөйтіп, әріптестерінің құрметіне бөленген Аягөз бен Асыл Қорқыт университетінде біржолата тұрақтап қалса, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесі

мен доцент атағын алған Гүлмира кейіннен елордаға ауысып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушілігіне тағайындалды. Ілтипатты мінезімен, ілкімді машығымен айналасын тәнті етті. Жігіттер жағы да үмітті ақтады. Әділжан мен Нұрлыбек ә дегеннен газет жұмысына белсене араласып, бас редакторлық қызметке дейінгі журналистік баспалдақтың бәрінен өтті. Ал әлгі баянды көштің басында тұрған Бауыржан Омаров біраз жылдан бері ЕҰУ-дің телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры ретінде студенттерге дәріс оқиды, магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулеріне жетекшілік етеді. Сондықтан бұқаралық коммуникация теориялары ұдайы оның назарынан қағыс қалмайды.

Үшіншіден, қазақ баспасөзінің даму жолдарын зерттеп, іргелі оқулық жазған ғибратты ғалым Қайыржан Бекхожиннің жолын жалғаған ізбасарларының көбі XX ғасыр басындағы ұлттық журналистиканың жоғын түгендеп жатса, Бауыржан Омаров бөлек бағдар ұстанып, ешкім електен өткізе қоймаған соңғы жарты ғасырдың шежіресін өзінше шертеді. Әшейінде құрғақ дерек, сүреңсіз баян, жансыз тізім түрінде берілетін қайсыбір мәліметтер оның жазбаларында реңі ашылып, бояуы түрленіп шыға келеді. Шындығында, ұлық ұстазы Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» шығармасы арқылы қазақ әдебиетін роман-эссе жанрымен байытса, Бауыржан Омаров ұлттық журналистикада мақала-эссенің өзіндік сүрлеуін салды. Ол қырықтан астам «төртінші биліктің тарландары», «ақпараттың ақмылтықтары» жөнінде көсіле толғап отырып, солардың көлеңкесінде тасаланып тұрған журналистика тарихының жықпыл-жыраларына да жарық сәуле түсіреді. Мысалы, «1980 жылы Мәскеуде жас журналистердің бүкілодақтық фестивалі өтті», «Жетпісінші жылдардың аяғында «Қазақстан пионері» газетінің редакциясы «Мәңгі өшпейтін із», «Күнге бет алған керуен» атты экспедициялар ұйымдастырды» деген секілді жай хабарлы сөйлемдердің өзі әрі қарайғы оқиғаларға жол ашатын белгілі бір ақпараттық жүк арқалап тұрса, «Әзілхан Нұршайықов соғыста жүргенде, «Қан мен тер» деген поэзиялық шығарма жазбақ болыпты», «Біздің кейіпкеріміз (Шерхан Мұртаза – А.Ш.) «Ленинші жасқа» редактор болып келгенде, таралымы аса көп емес екен. Оны 150 мыңға дейін жеткізеді. «Жұлдыз» журналының таралымын 250 мыңға дейін өсіреді» деп әңгімелейтін үзіктер қызықты да құнарлы фактілермен таныс қылады. Жалпы, Бауыржанның осы жинақтарынан өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы редакциялардың мекен-жайлары мен телефон нөмірлерінен бастап газет-журналдардың жылдық жазылым бағасы қанша болғанына дейінгі мағлұматтарды теріп алуға болады.

Көңіл көншітетіні, ертеде Амандосов тәржімалаған анықтамалықтың қолдан-қолға көшіп жүргеніндей, «11-ші қаламұш» пен «Төртінші билік» кітаптарын да заманауи журфак шәкірттерінің «Тауып бере аласыз ба?» деп қиылып сұрағанын талай рет көзімізбен көріп, құлағымызбен естідік. Соны өзіне айтсақ: «Қойшы, солар қайбір ынтық боп тұр дейсің? Шын ниетімен оқыса жақсы ғой. Курс жұмысына көшіріп алатын нәрсе таппай жатқан шығар», – деп бет бақтырмайды. «Плагиаттан» күдіктенсе, шеке тамыры адырайып кетеді. Кезінде «Журналист анықтамалығын» да солай кәдеге жаратқанымызбен шаруасы жоқ.

Бауыржан Омаров кез келген залды аузы-мұрнына дейін толтыратын жанкүйері бар екеніне қарамастан, өмірінде бірде-бір кітабының таныстырылымын жасап көрмепті. Бірақ, ғажабы сол, не жазғанын жұрттың бәрі онсыз да біледі. Әрі «мен туралы жазшы – лайықпын ғой» деп қыр соңынан қалмайтындар да жетіп-артылады. Ондай «тапсырыстардың» ыңғайына жығылу – мұның табиғатына жат. Жазбақ түгілі, кірпідей жиырылып қалады. Өз оңтайына келетін, ішкі дүниесі жылы тартып тұрған кейіпкерді ғана таңдайды.

Бір қарағанда, Бауыржан ырымшыл емес. Бойтұмар тақпайды, бал аштырмайды, жұлдызнамамен әуестенбейді. Дегенмен, ақжолтай цифрларға бей-жай қарамайтын әдеті бар. Өзі бір жерде былай толғанады: «Мына сәйкестікке сенер ме едіңіз?! Жаңа қызметіме тілектестік білдірген шағын мақала жарияланған «Астана ақшамы» сол күні 77-ші нөмірмен шықты. Ертеңіне Алматыда бас редактор ретінде алғашқы «Айқынға» қол қойдым. Сол жолы газеттің 777-ші нөмірі шықты! «Айқынға» 7 мамырда алғашқы бас редактор Серік Жанболаттан кейін келдім. Сондай-ақ бір кезде «Хабардағы» «7 күнді» де Серіктен қабылдап алған едім». Әрі қарай: «7 санына қатысты жетістіктеріміз мұнымен де шектелмейді. Бірақ ол – басқа әңгіменің тақырыбы», – деп жұмбақтай салыпты. Соның шешімін әрі-бері іздеп, шын туған күнін «12.04» деп белгілеп, цифрларды өзара қосқанымызда «7» шықты. Жаңағы екі кітабының атауларында 11 мен 4 сандары кездеседі. Алғашқысынан кейінгісін шегеріп тастасақ, тағы «7» болды. Жасаған арифметикалық амалымыз осы. Басқасы өзіне аян.

Мақалаларына ат қойғанда да цифрларға жиі жүгінеді. Қараңыз: «Бес Олимпиаданың куәгері», «№1 ойыншы», «Үш тоғыс», «IV Бекхожин», «Сегіз сабақ», «Оныншы перзент», «Жүз қаз, жүз том және жүз жас», «Үлкен үшеудің үлгісі», «7, 77 және 777»... Сондай-ақ «Қос ағыс», «Жалғыз арша», «Жалқы мерген» де – осыларға бөтен емес. Ал «5-ші жатақхана» деген эссесінің күллі журналист қауымы үшін орны айрықша. Неліктен?

Бауыржан Омаров үшін дүниеде ең құтты екі мекен бар тәрізді. Біріншісі – «Қаратерең вальсі» атты сырлы кітабын сый етіп ұсынған, «ыстық құшағын жан анасындай көретін, өзіне арнап жыр маржанын төгетін» сүйікті туған ауылы. Екінші қайырлы қоныс – ҚазГУ қалашығында бой көтеріп, 1981 жылдан бастап қазақ қаламгерлерінің алтын бесігіне айналған 5-ші жатақхана. Журналистика факультеті түлектерінің әлсін-әлсін бет бұратын «шығармашылық Меккесі». Бауыржан оның тарихы мен тағылымын, сыры мен сипатын, даңқы мен дақпыртын өзінің эссесінде жан-жүрегінен төгілдіріп суреттей отырып: «Діңгегің берік, тірегің мықты болсын, журфактың Жидебайы!» деп ақжарма тілекпен аяқтайды.

Биылғы маусым айында Алматыға, оның ішінде өзіміз оқыған университетке жұмыс бабымен жолым түсіп барғанда, «журфактың Жидебайына» соқсақ деген ниетім болған. Бірақ бірге барайық деп өтініш айтқанымда, сол арадағы әріптестеріміз күмілжіп қалды. «Қажет десеңіз бас сұғайық, бірақ 5-ші жатақханада қазір журналистер тұрмайды», – деген сөзді есіттім. Неге екенін қайдам, өзегімді бір өрт жалап өтті. Бұрынырақта, орта білім алған мектебіміздің тарихи маңызы бар зәулім ғимаратын бұзып тастағанын естіген кезімде дәл сондай күйді кешкенмін. Не деріңді білмей қалады екенсің мұндайда.

Бауырым, өткен күнді
көп аңсама,
Жете ме тірілтетін
оған шама,
Жазғаны Бауыржанның
жадта қалар,
Журфактың Жидебайы
жоғалса да! –

деген шумақ ойға оралды. Рас, кейінірек, қасиетті құтхананың журфакқа қайта берілгенін көрдік. Бұрынғыдай бола ма, жоқ па, қайдам...

Бәрібір, Бауыржан 5-ші жатақхананың заты өзгерсе де, аты ұзаққа кететіндей қылып, оның құрметіне сұлу сөзден күмбез соғып берді. Енді жатақхананың ілгерідегі дәуірін сағынғанда соны тамашалап, тәу етеміз.

Гипербола мен гиперболоид

Ортасы кең, сан қилы,
Жан-жүрекке нәр құйды.
Кішік мінез ұлықтың
Кісілігі аңқиды.

(Кейіпкерге еліктеу)

Бауыржан Омаров – жеңіл қалжыңның ұстасы, зілсіз қағытпаның шебері. Онысын қолма-қол шығарады. Сатираның жолын бірыңғай тұтынса, Көпен көкесімен күнде бірге шәй ішіп, юмор теріп жүрер ме еді; айтыстың даңғылына түскенде, Жүрсін ағасының дөй сарбазының біріне айналып, сахнада ойнақ салғаныа куә болар ма ек. Екеуіне де хобби ретінде қарап, уақытында қоя салды. Оның есесіне, сол әзілкештіктің де, суырып-салмалықтың да өрнектері эсселерінің өзегіне шеберлікпен өріліп жатады. Қара базар тіршілікте де әр нәрсені жоқ жерден қиыстырып, айналасын күлдіріп жүргенді қалайды. «Баукең қатырып айтады ғой...», – дейді тамыр-танысы мен жора-жолдасы. Оның ойлап тапқан гиберболаларының әсері кейде Алексей Толстойдың фантастикалық романындағы инженер Гариннің гиперболоидының екпінін он орап алады. Жарылқап аға Бейсенбаев туралы жазғанындай, «ұлт ұғымын ұлғайтып» жүргенді ұнатады. Лексиконында литота (кішірейткіш сөздер) жолыға бермейді.

Бауыржан «үкіметтің жұмысына» үздіксіз жегілсе де, шығармашылық бабынан жазбайды. Қуаты таусылмайды, қайнары сарқылмайды. Журналистік мамандығына адалдығы өз алдына, ғылымының жай-жапсарына тіпті қатты алаңдайды. Қолы қалт етсе, бір бөлігі сөреде сіресіп, ең керегі жазу үстелінің үстінде қат-қат болып тұратын кітаптармен қауышады. Жеке архивіндегі бума-бума қағаздарды ақтарады. Зерттеу мақаласының нобайын хатқа түсіріп, нүктесі мен үтіріне дейін ерінбей-жалықпай әбден қырнайды. Сосын барып қана тиісті басылымға жөнелтеді. Ғылымның шынымен де зейнетінен гөрі, бейнеті көп. Тасбақа жүріс, өгіз митың жетеді мұнда. Соның өзінде күлкіге орын табады. Бір мысал. Ертеректе, докторантурада оқып жүрген кезімде Бауыржан әдеттегіше қоңырау шалды. Сұрағы да күндегіше: «Жағдай қалай? Не істеп жатсың?». Диссертациямен әуреленіп, діңкем құрып шаршап отыр едім. Жауабым былай болды: «Өй, мынаның бітетін түрі жоқ. Баяғыда аспаннан кітап түсетін замандар болған екен. Маған да біреуі дайын күйінде жерге күмп ете қалса ғой деп тілеп отырғаным». Сонда Бауыржан даусын өзіне тән мысқылды интонацияға салып, тұтқаның ар жағынан баяу ғана: «Екеу деп айт...», – деп сыбырлады. Өйткені өзі де тап мен секілді докторлық диссертациясының қамымен қарбалас боп жүрген.

Бауыржан бір-бірімен онша қабыса бермейтін әлденеше шаруаны қатар бітіруге дағдыланған. Дүниедегі барлық жаңалыққа құлағы түрік. Көзі киядағыны шалады. Телефонына тыным жоқ. Кісіге қайыры мол. Төңірегін түгендеп отырады. Сондықтан өзгелер де оны іздегіш. «Қара қазан, сары баланың» қамымен қоса, достың, әріптестің, шәкірттің, тіпті жеті атадан қосылатыны я қосылмайтыны белгісіз алыс ағайынның мәселесіне бас қатыратын екі адам болса, соның бірі – Бауыржан. Қолынан келсе, көмегін аямайды. Болмай жатса, қосылып уайымдайды, жылы сөзімен жұбатады. Тірліктің құрдымына кетті-ау деген кейбір жанға шын жанашырлықпен жасаған ақыры сәтті жәрдемін көргенінде, анау ұлы мұхиттың түбінде шірік қаңқасы шөгіп жатқан «Титаниктің» өзін тірілтіп алып, құрлықтың бетіне көтеріп шыққандай әсерге бөленесің. Бұлақ көрсе, көзін ашу; шыбық көрсе, ағаш етіп өсіру – оның адамшылық кредосы. Бұл әкенің қанымен, ананың сүтімен туабітті дарыған қасиеті деп ойлаймын.

Бауыржанның есте сақтау қабілеті көпшілікке екібастан мәлім. Мысалы, қай жылы, қай күні, қай пойызда, оның қай вагоны мен қай купесінде қандай кісімен бірге сапар шеккенін, әлгі жолаушының аты-жөні кім, ауылы қайдан, кәсібі не, мінезі қалай, т.б. туралы әңгімелей жөнелгенде, миының ішіне диктофон қондырып қойған ба деп ойлайсың. Бала күні жаттаған өлеңдері, тақпақтары, жырлары оның тілінің ұшынан сол күйінше төгіліп тұрады. Әдеби мұрасын өзінің кандидаттық диссертациясының тақырыбы етіп зерттеген Мұрат Мөңкеұлының дәуірінде өмір сүргенде, «Қырымның қырық батырын» таңнан таңға ұрып жырлайтын жампоздың нақ өзі боларына күмән жоқ. Әзіләжуаға жүйрік Бауыржан қазақтың зар заман әдебиетінің көрнекті ақынын зерттеп-зерделегенде, өзінің ой ордасын өлшемі өзге көркем кеңістікке көшіріп қоя тұруға іштей бейімделген шығар. Өйткені ол поэзияның өзегі – сарыуайым сарынға толы қайғы мен қасірет. Жаттан теперіш көрген ұлттың трагедиясы. «Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян, Адыра қалғыр Үш қиян!» деп шерін ақтарған Мұраттың қонысының бәрі – қайырсыз, құтсыз; онда Бауыржанның қаймағы бұзылмаған Қаратереңі мен жалауы жығылмаған 5-ші жатақханасына ұқсайтын мекеннің елесі де жоқ. Бірақ сол Мұратты сол Бауыржан тағы да жатқа оқиды. Демек, көкірегіне қос тарап қатар сыйып тұр деген сөз. Ал ғылымға баптаған тәлімгері, шешен сөздің хас шебері Зейнолла Қабдолов сегіз қырлы, бір сырлы шәкіртіне сүйсінгені сонша, бір дастарқанның үстінде оны келістіре мақтап келіп: «Тобықтай түйінін айтқанда, біздің Баукең – шын мәнінде бүтін бітім», – деп кейіптегенде, Бауыржан қасында тұрған бізге: «Бір түрлі сеніп қала жаздайды екенсің...», – деп сыбырламасы бар ма? Қапелімде күлкімізді әзер тежедік. Кейін Бауыржан ұстазы туралы «Бүтін бітім» деп аталатын атан түйеге жүк боларлық естеліктер кітабын құрастырып шығаруға, оның «Менің Әуезовім» атты роман-эссесінің түрік тіліне аударылып жарық көруіне ұйытқы болды.

Ол әрдайым өзін әдебиетке баулыған ұстаздарын, ғылым жолында қол ұшын созған ағаларын аузынан тастамайды. «Мерейтойы жақындап қалыпты ғой... Мектептің аты берілсе жақсы болар еді... Ескерткіш қойғанға лайық... Қолжазбасын кітап қылып шығарған ләзім... Телеарнаға хабар түсірткен жөн...» деп, тірісіне ілтипатын көрсетіп, өлісінің аруағы алдында құрақ ұшады. Көбісіне портреттік мақала арнаса, бірқатарын тартымды суреттемелері мен этюдтерінде орайын тауып бейнелеп береді. Оның кейіпкерлер галереясында мектептегі мұғалімдері Бибайша Алпысбаева, Сәмен Құлбараков, Шанжархан Бекмағамбетов, өзі қоян-қолтық араласқан әдебиеттану әлемінің игі жақсылары Қабиболла Сыдықов, Серік Мақпыров, Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, Жұмағали Ысмағұлов, Жанғара Дәдебаев, Уәлихан Қалижан, іргелес ғылымдардың жарқын өкілдері – тілші Әділ Ахметов, фольклоршы Сейіт Қасқабасов, философтар Жабайхан Әбділдин, Ғарифолла Есім, Раушанбек Әбсаттаров, шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлиев, тіпті биолог Рахметқажы Берсімбаев мәртебелі орнын тапқан. Ал жеке-жеке журналистік сұхбат құрған тұлғаларының аттарынан ат үркеді: Талғат Бигелдинов, Әбіш Кекілбаев, Серік Қирабаев, Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Сергей Кляшторный, Қойшығара Салғарұлы, Дүйсен Қасейінов...

Адам мен адамды табыстырып жүретін Бауыржан өзінің докторлық диссертациясы арқылы ел мен елді қауыштыратын деңгейге жетті. Қазақ пен қырғыздың антиутопиялық әдебиетін сабақтастыра зерделеп, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір Кердері, Албан Асан мұрасын Манас жұртының Қалығұл Байұлы, Арыстанбек Бұйлашұлы, Молда Қылыш Шамырқанұлы секілді шоң жыршылармен үндестірді. Шыңғыс Айтматовтың сүйікті шәкірті – қырғыздың көрнекті әдебиеттанушысы, академик Абдылдажан Ақматалиевпен ғылыми ынтымағы ағалық-інілік достыққа ұласып, бауырлас елдің ғалымдарымен байланысы әбден орнықты. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ежелгі әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған Бауыржан Омаров мұнан әрі қарай зерттеу өрісін кеңейтіп, көне үнді сюжеттерінің түркі халықтары сөз өнеріне ену үдерісін түп-тамырымен қопара қарастыруды қолға алды. Алғашқы тың, тұшымды нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялап та үлгерді.

Бесаспап Бауыржан барлық нәрсеге епті көрінер. Бірақ оның да аз-маз «ақсап» жатқан тұстары бар. Мәселен, үй шаруасына қыры жоқ. Пәтер есігінің құлпы бұзылып тұрғанын көріп, ескерту жасасаң: «Тойған мәстір шақырып жатқан...», – дейді. Соғым сойдыратын кезде сөйлессең: «Қой, мен білмеймін, Тойған кеткен таңертеңмен мал базарға...», – деп былқ етпей отыра береді. Қысқасы, осылар іспетті мәселенің бәрі өмірлік қосағы, үш ұл, бір қыздың анасы, алты немеренің әжесі Тойған Нұрғалиқызына тіреледі. Соның арқасында Бауыржанға күнделікті күйбең бұйым емес. «Тылы мықтының тілі мықты» деген осы.

Ұшақ пен тікұшаққа секіріп мінетін, ғарыш кемесін тізгіндеуге де даяр Бауыржан Омаров жер бетінде жылжитын көлікке онша бейім емес. «Қаратереңнің көшелерінде мотоциклмен құйғытушы ек», – дейді. Сенгім келсе де, «ееее... қайдам» деп қоям ішімнен. Қызылордада басшылық қызметте жүргенінде Тілектес деген өзінен жасы үлкен, бірақ рухани жағынан үйлесімді – «ұлты қазақ, руы қырғыз» шопыры болды. Бір күні Бауыржанның жүргізушілік өнерге аяқ астынан ынтасы оянды. Машықтанатын «автополигон» белгілі: қаладағы ескі әуежайдың ұшу алаңы. Үшеуіміз сонда бардық. Бір-екі ит көйлекті бұрын тоздырған Тілектес төрі бар жерде әдетте Бауыржаннан жоғары шығып отырып алатын. Енді бастығы соның есесін қайтарып, Тілектестің орнына жайғасты. Бауыржанның орнында қаздиған шопыры оның не қимыл-қозғалыс жасайтынын ежіктеп түсіндірді. Көлік ақырындап жылжып, бара-бара екпіні үдей бастады. Мен «Волганың» кең салонының арт жағындамын. Өзімізше тым тәуір келе жатқанбыз... бір уақытта аумағы ат шаптырым алаңның анау басынан қарайған мақұлық көрінді. «Ешкі», – деді Тілектес жәймен. Бауыржан жанұшыра: «А? Ешкі!», – деп әжептәуір жылдамдық үстіндегі көліктің тежегішін аямай басып қалды. Сүйегі ауыр мәшине жан екпінмен зырқ етіп, күрт тоқтады да, үні өшті. Бауыржанның кеудесі рөлге, Тілектестің маңдайы әйнекке соғылды. Арттарынан төніп тұрған мен екі орындықтың арасына сылқ еттім. Сонымен, Бауыржанның шопырлық курсы басталмай жатып аяқталды.

Одан бұрын да, әйтеуір тақымыма көлік тигелі бері, үйіміздің арасы ылғи жақын болғандықтан, Бауыржанды өзіммен бірге жиі таситынмын. Біз мінген көкжасыл «тоғыздықтың» нөмірінің сериясы «ЕЕМ» еді. Бауыржан оны «еріккен екеудің машинасы» деп таныстыратын. Жастықта ерігетін де, зерігетін де кездер болатын шығар, бәлкім. «Айтатұғын сол шыным, Демен бұған өкіндім. Өмірі оған көршімін, Өмірі оған шопырмын» деген тақпаққа сәйкес, әлі де анда-санда сол міндетімді атқарып қоямын.

Хиросима мен Бангкокте өткен Азия ойындарына тілші ретінде барып, қазақ газеттеріне күн сайын репортаж жазған, бірақ жеке басының спортқа ебі жоқ, дүниенің барлық тірлігін дөңгелететін, алайда үйіндегі қазан-ошаққа себі жоқ Бауыржан қазір жаяу жүрістің майталманы болған. Бес уақыт намазын қаза қылмайтын мүсілім секілді, 365 (366) күн бойына, яғни жыл он екі ай кешкі серуенін үзбейтін алашшыл академик досы Дихан Қамзабекұлының «командасына» қосылып, елорданың көркі көшелерін армансыз адақтайды. Жүрісін жаяулатса да, тынысын баяулатпайтын бойшаң Бауыржан әркез көштің алдынан көрінеді.

Әзілхан Нұршайықов оның «11-ші қаламұш» атты кітабына жазған алғысөзінде: «Журналистер төрт моторлы ұшаққа ұқсайды. Олар – әрі ақын, әрі тарихшы, әрі суретші, әрі ғалым. Осы төрт «мотор» жердегі жазушыны биікке самғатады», – депті. Дуалы ауыз қаламгердің батасы қабыл болып, ұшақты Қаратереңнің «төрт моторлы» баласы әрқашан елінің аспанында қырандай шарықтасын дейміз.

Сөз соңындағы ескертпе. Бауыржан журналистика факультетін бітірерде өзінің дипломдық жұмысын профессор Темірбек Қожакеевтің жетекшілігімен «Бүгінгі қазақ пародиясы» деген тақырыпта қорғаған болатын. Мен осы жолы саналы түрде эссенің Бауыржан енгізген формасына шама-шарқымша еліктеп, пародияның элементтері бар мақала жазуға тырыстым. «Болмасаң да ұқсап бақ» деген...

> *Бауыржан Омаров үшін дүниеде ең құтты екі мекен бар тәрізді. Біріншісі – «Қаратерең вальсі» атты сырлы кітабын сый етіп ұсынған, «ыстық құшағын жан анасындай көретін, өзіне арнап жыр маржанын төгетін» сүйікті туған ауылы. Екінші қайырлы қоныс – ҚазГУ қалашығында бой көтеріп, 1981 жылдан бастап қазақ қаламгерлерінің алтын бесігіне айналған 5-ші жатақхана. Журналистика факультеті түлектерінің әлсін-әлсін бет бұратын «шығармашылық Меккесі». Бауыржан оның тарихы мен тағылымын, сыры мен сипатын, даңқы мен дақпыртын өзінің эссесінде жан-жүрегінен төгілдіріп суреттей отырып: «Діңгегің берік, тірегің мықты болсын, журфактың Жидебайы!» деп ақжарма тілекпен аяқтайды.*

Амантай ШӘРІП,
ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

№133-134 (20807-20808) 30 тамыз, жұма 2024 жыл

Олжас Ысқақов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

«ДӘРІГЕР БОЛУ АТАМНЫҢ АРМАН-МҰРАТЫ ЕДІ...»

Әдетте салалық басшылармен сұхбат құрғанда белгілі бір шеңбер ішін шиырлап қалатынымыз жасырын емес. Бұл жолы оның желісін өзгерек өзекке салдық.

Олжас Ысқақов – облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы. 40 жасқа енді келетін басқарма басшысы еңбек жолын емханадан бастап, министрлікте департамент директорының орынбасары қызметіне дейін сатылардан өткен.

«...Адам ғұмырында білім беретін және өмірлік ұстаз болады. Үйдегі ұстазым – әкем. Жас болсақ та жақсылы-жаманды көкейге түйгенді бөліскің келеді екен» – деді ол сұхбат алды сөзінде. Бұл ой неден туды?

Ендігісін әңгіме сарынынан салмақтап көрелік.

– Олжас Ермекұлы, әлгі ой ұстанымға қарағанда, қоғамның кейбір бет-бейнесін айқындап тұратын өмірлік ұстаз туралы айтарыңыз бар секілді. Шын мәнінде, біздің айналамыздағы құбылыстар алған тәрбие, көрген өнегемен өлшенетіні бар. Ашық, еркін пікірлестік болсын, бүгінгі беталыс қанағаттандырады ма?

– Өмірлік ұстаз туралы әркім өз сана биігінде өлшем жасар. Әйтсе де, біз қазақпыз деп көкірек соққанымен, қарапайым отбасы құндылықтарын сақтаудың өзіне келгенде көші озық елдер бар екенін мойындауымыз керек. Айналамыз тәуір сөз, тұғырлы тақтаға толы болғанымен, іс жүзінде сол отбасылық құндылықтардың олқы соғып жататыны рас. Өркениетті мемлекеттерде отбасы, бала тәрбиесі, денсаулық мәселесі бәрі-бәріне үлкен мән береді. Адамдардың қарым-қатынасы, балаға деген өмірлік тәрбие ұстанымы қызықтырады. Бізде неге олай емес?

– Біз әлі ұраншылдықтың жетегінде жүрміз дейсіз ғой...

– Ойымыз ортақ түсті. Расында, қазіргі қоғамның тамыр соғысы бөлек. Бәрі тез әрі кей жағдайда адами құндылықтар қисынсыз күйге өзгеріп кетіп жатыр. Мұның бәрінен денсаулық саласы тысқары қалмайды. Шақалақтан бастап, айыпқа бұйырмаңыз, шалдың саулығына дейін халықтың амандығына араша тұратын мамандарды сол қоғамдық өзгерістер алаңдататыны шындық. Қаншама еңбек, көңіл, демеу, ем жасалып жатқанымен кейде бір ғана қисынсыз пікірдің барлық ақ халаттыларға дақ түсіретіні өкінішті.

Облыста 3 мың дәрігер бар. 12 мың орта буын, жалпы алғанда 20 мыңға жуық медицина қызметкері жұмыс жасайды. Кейде сол дәрігерлер арасынан беделді, белгілі, республика мойындаған мамандарды базбір кісілердің жамандап келетініне қарның ашады. Осындайды ой елегіне салғанда айналамыздағы тәлім-тәрбиенің өлшемі кейде ойландырмай қоймайды.

– Ұстаздан жолым болды деп ойлайсыз ба?

– Мен қалалық №235-ші орта мектепте оқыдым. Ол кезде беделді Үрбибі Тасқынбаева директорлық етті. Тәртіптің темір қазығын ұстаған нағыз ұлағат иесі. Екінші мөлтек ауданда қатар орналасқан көпқабатты үйде тұрдық. Өзге де көршілеріміз ұстаздарымыз болды. Біздің көп уақытымыз сол кісілердің көз алдында еді. Алғашқы әліппені үйреткен Ақнұр апайымыз болды, онан кейінгі сынып жетекшіміз марқұм Ұлман Асқарова білім-тәрбиесін берді. Әрбірімізге өз баласындай қарайтын. Балалық арманымызды ұштап отыратын. Әйтсе де мен дәрігер боламын деп ойлағаным жоқ. Атам да, әкем де құқық қорғау саласының өкілдері. Сол кісілердің жолын қууды ойладым. Бірақ, 9-шы сыныпты бітіргенде атам бұл ойымды өзгертті. Сондағы айтқаны: «Іштей арман-мұратым дәрігер болу еді, оның сәті келмеді. Медициналық училище оқыдым, Алматыға медициналық институтқа түстім, бірақ бұйырмады. Сол арманымды сен жүзеге асырсаң» деді. Қарсы болғаным жоқ. Несін жасырайын, атам осы елдегі бірекі беделді кісіге қолқа салып жүріп, медициналық колледжге түсірді. Фельдшерлік топта 4 жыл оқыдым. Директорымыз Раиса Көзденова. Темірдей тәртіп. Бостекі сөз, берекесіз іс жоқ.

Несібемізге орай колледж бітірерде сол кездегі облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің бастамасымен үздік түлектер Алматыға оқуға қабылданатын болдық. «Игілік» қоры демеушілік жасады. Бұл өңірде дәрігер жетіспеушілігі мәселесінен туған бастама еді.

Алматы білім, ғылым, мәдениеттің орталығы ғой, көп нәрсені үйрендік. Қазақ педиатриясының атасы Камал Ормантаев, Қалыбай Дүрманов сынды атақты ұстаздар сабақ берді. Оқу бітіріп келген соң жаңадан ашылған №3-ші емханаға жұмысқа тұру сәті туды. Ол кезде бас дәрігер – Болғанай Сейтжанқызы Сарышова. Алғашқы еңбек жолыма ұстаз болған, тәлім-тәрбие берген міне осы кісі. Аймақтық дәрігер ретінде жұмыс істедім. Арада алты ай өткенде екінші терапия бөліміне меңгерушілікке бекітті. Қобалжуыма қарамай сенім білдірді. Сол қызметті үш жылдан аса атқардым. 2015 жылдың аяғында Ақмарал Әлназарова басқармаға басшы болып келді. 2016 жылы аймақта медицина саласы жаңа қарқынмен іске кірісті. Тәртіп күшейді. Бәрін өзі аралап көріп, талдау жасайтын. 2017 жылы емханада бас дәрігеріміз ауысып, Гүлстан Әубәкірқызы келді. Тәжірибелі, басқармада жұмыс жасаған білікті маман. Екі-үш айдан кейін емдеу ісі жөніндегі орынбасар етіп тағайындады. Арада екі жылдай өткенде Ақмарал Шәріпбайқызының шақыруымен басқармаға бөлім басшылығына бардым. Бұл мемлекеттік қызметтегі алғашқы баспалдақ болды.

– Аяқасты шешім қабылдау оңай болмаған шығар?

– Әрине. Сол кезде әкемнің сөзі түрткі болды. «Үйреншікті дағдыдан шығу керек» деді. Басқармада мен келген емдеу ісі жөніндегі бөлімде Гүлмейрам Қуанышқызы Тәшенова секілді белгілі мамандар қызмет еткен. Әр уақыттың өз талабы бар ғой, көп нәрсені басынан бастауға тура келді. Арада 7 ай өткенде емдеу ісі жөніндегі орынбасар Жақсылық Әбдусаметов Шиеліге бас дәрігерлікке ауысты да орнына мені қолай көрді. Шынын айтқанда, жауапкершілікті мойынға алуға қорықтым. Бірақ, сенімге қарсы келе алмадым.

Бір қызығы, сол бұйрық алған сәттен екі күн өткеннен кейін басқарма басшысы үш апталық академиялық оқуға жіберді. Оның ізін ала министрлікте бір апта таныстық, тәжірибе алу мақсатымен жүрдім. Қазір соның бәрі өмірлік мектеп екенін ойлайсың.

Ақмарал Әлназарова жұмысқа келгенде жан аямайды. Түнгі 11-де қайтады, хат біткенді үйінен қарап, тапсырма беріп үлгереді. Арал, Қазалыда аудандық аурухана құрылысының, Қазалы емханасы мен Қан орталығы құрылысының жобалары сол кезде жасалған еді. Қазір олардың игілігін ел көріп отыр.

– Әлемді әбігерге салған пандемияның зардабы әлі күнге дейін бар. Сол арпалысқа толы уақытта дәрігерлерге деген құрметтің жаңа сипатын таныған

дай едік. Қазір қалай?

– Орынды мәселе көтеріп отырсыз. Мен алдымен сол уақыттағы жағдайға тоқталып өтейін. Облыстық басқармаға Жақсылық Әбдусаметов басшылыққа келген кез. Пандемия тарап, әдепкі қарбалас басталған шақта басқарма басшысы өзі індет жұқтырып ауырып қалды. Жағдай күннен-күнге ушығып, жұқпалы кесел елді жайлады. Қоғамдық қатынастар қызметі іркілді. Жолдар жабылды, мекемелер қашықтан жұмыс істеуге көшті. Міне, адамзат баласы әбігер күй кешкенде елді сабырға шақырып, салиқалы сөзімен бірлікке үндеген беделді кісілердің деңгейі осы кезде танылды. Сол уақытта облыс әкімінің орынбасары болған Наурызбай Байқадамов сынды азаматтардың дәрігерлерден бір пәс те кем емес жанкешті қызметін көрдік. Күндіз-түні бірге болды. Байқасаңыз, өмірлік мектеп деген үлкен ұғымның қабырғасы осындайда қаланады екен.

Артық болмас айтайын, сенбі күні болатын. Қолымда сол жұқпалы кеселден қаза тапқан адамдардың тізімі. Қарап отырып, келген жасты ірки алмадым. Біз осыншалықты дәрменсізбіз бе, қолымыздан неге келмейді деген өксік әбден көкейді буып алған еді. Күн ертеңгі жексенбіге ауғанда өзімнің ыстығым көтерілді. Шыдап баққанмен қатерлі індет қоя ма, он күннен кейін ауруханаға жатуға тура келді. Өкпені ковид тұтас жайлап алған. Жиырма күн ем алдым. Сол аралықта өмірге деген көзқарасым өзгеріп кетті. Тіпті, несін жасырайын, ауруханадан шыққан бойда несиемнің бәрін жауып, алаң күйге түстім. Ол уақытта басқарма басшысы болып республикаға белгілі білікті маман Сәбит Бексейітұлы Пазылов келген болатын.

– Министрліктегі қызмет әрине, аймақтық деңгейден бөлек. Ұстаздан тағы жолым болды дей аласыз ба?

– Шын мәнінде, солай. Мен барған департамент директоры қызылордалық Мағрипа Хамитқызы Ембергенова болатын. Үш ай өткен соң сол кездегі министр Ажар Ғинаятқызы сенім білдіріп, департамент директорының орынбасарлығына бекітті. Өзіңіз айтқандай, аймақ пен орталықтың деңгейі басқа. Міне, сол қызметті екі жылдан аса атқарған уақытта облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен облысқа басқармаға келудің сәті түсті.

Бір түйгенім, әрбір ұстаздың білім, тәлім-тәрбие, тәжірибе беруде өзіндік бағыт-бағдары, ұстанымы бар. Қазіргі талап басқа. Тез шешім қабылданады. Аймақтағы медицина саласына, яғни адамның өмірі мен денсаулығына қатысты маңызды мәселелер, алда жүзеге асырылатын іс-шаралар облыс әкімінің тікелей бақылауында.

Өздеріңіз білесіздер, кейінгі жылдары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа деңгейге көтерілді. Тұрғын үйлер, мәдениет ордалары, денсаулық нысандары салынып, қаланы ғана емес, ауыл-аймақтың өзін абаттандыру іс-шаралары бұрын-соңды болмаған қарқынмен жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі халықтың көңілкүйіне, денсаулығына тікелей әсер етеді. Бұл санатта біздің қандай да бір елге пайда әкеледі деген бастамаларымыз қолдаусыз қалған емес.

– Денсаулық демекші, медицина саласы түрлі реформаны бастан өткеріп келе жатыр. Салыстырмалы түрде айтыңызшы, отандық медицина қаншалықты ілгерілеу үстінде? Ел арасында түрлі пікір бар, мына көрші Өзбекстанды сөз ететіндер де аз емес дегендей...

– Өте маңызды мәселе қозғадыңыз. Қазір расында министрлікке оңай соғып тұрған жоқ. Қаржылық мәселе қиын. Кешегі су тасқыны, қаңтар оқиғасы, пандемия, жарылыстар, міне осының бәрі ізсіз қалған жоқ. Зардабы әлі екі-үш жылға дейін созылуы мүмкін. Алайда, отандық медицина жасанды жүрек орнату секілді әлемдік озық тәсілдерді жүзеге асырып жатқанда ілгерілеу жоқ деу қисынсыз. Бұл көрші елдерге қарағанда жетістік. Ал енді, әлгі айтылған Өзбекстан жөнінде туралыққа келгенде «қолда бардың қадірі жоқтың» керін келтіріп отырғанымызды несін жасырамыз.

Бір мысал айтайын. Министрлікте жұмыс істеп жүргенде бір оқиға болды. Ол кезде науқасты шетелге жіберу комиссиясының мүшесімін. 7-8 жасар бала қатерлі дертке шалдығып, әкесі маған келді. Баласын шетелге емдеткісі келеді. Біздің Алматы, Астанадағы институттар баланы несіне жібересіздер, несіне қинайсыздар деген кеңес айтты. Бірақ әкесі көнбеді. Ешкімнің басына салмасын, ата-ананың үміті ғой. Сонан Испанияға алып кетті. Барселонада сондай ауруды емдейтін институт бар екен. Соған жатқызды. Әкесі күнделікті баланың жағдайын бейнебайланыс арқылы көрсетіп тұрды. Бала жақсарып келеді екен, біздегілер сандалған екен деген ой келді. Біздің бұл ойымыз мүлде қате болып шықты. Ол жақта зең қатал. Әйтсе де, сырттан келген балаға ата-анасының келісімімен емдеудің әдістемелік тәсілін қолданған. Олар өздерінің азаматтарына ондайды жасамайды. Қысқасын айтқанда, дәріні сынап отыр. Өкінішке орай, сол бала қайтыс болды. Ал олар баланың мәйітімен қоса ата-анасының есебіне 250 мың еуро аударды. Осыдан-ақ түсіне беруге болмай ма?

Қазір өзбек еліне баратындар көп. Олар ешқашан емдей алмаймыз деп айтпайды. Өйткені, ақша келіп тұр. Енді қараңыз, бізде емделмейтін, хаттамада жоқ, буынға, жұлынға укол салу, қан алмастыру деген тәсілдерді олар қолдана береді. Адамда қаржы жұмсап емделгеннен кейін жақсарып қалдым деген сезім пайда болады. Сосын бізге келеді де «сендер емдей алмайсыңдар, Тәшкенге бара жатырмын, ақшасын бер» деп байбаламға басатындар бар.

Бәлкім, біздің медицинаның қалыс қалып тұрған тұстары бар шығар, бірақ халықтың денсаулығы үшін мемлекет аянып жатқан жоқ. Кешегі күйікке түскен балаларды орталық алып кетіп, емдеп жатыр. Мұның өзі министрліктің аймаққа деген қолдауы, жақсы көзқарасы. Сондықтан, дұрыс пайым жасаған жөн.

– Әлеуметтік желіге қатысты ойыңызды іркіп қалған жоқсыз ба?

– Жоқ, олай емес. Бәрін де ашық айтқан жөн. Бұл енді сөз жоқ, шиеленіскен мәселе. Кейде адамдық қасиетке сыймайтын жағдайларға қарның ашады. «Бұрын өкінішке орай ота үстінде кісі қайтыс болса, «қолдарыңнан келгенді жасадындар ғой» дейтін адамдар болатын. Ол біз үшін де оңай емес, кісіні жоғалтуды дәрігер жүрекпен қабылдайды. Ал қазір ота сәтті шықса да бүлікке бүйірі тартып, сол жерден кінәрат іздеп тұратындар бар» деген еді мыңдаған ота жасаған белгілі дәрігер ардагеріміз. Мұндайда не деуге болады?

Дәрігер ешқашан адамға қастық жасамайды. Білместік, тәжірибе жетіспеушілік не қателесу болуы мүмкін, бірақ қатыгездікке бармайды.

Қоғамда дәрігерге деген көзқарас өзгеруі керек.

Тағы бір мысал айтайын, біздегі балалар ауруханасына лор және окулист дәрігерлер келді. Жас, жалындап тұрған жігіттер. Амал қанша, ата-аналардың өктеміне шыдамай басқа облыстарға ауысып кетті. Оларға не дейсің?

«10 жыл оқыдық, енді келіп әркімнің айқайын, әкесін алып келіп қорқытқанын не шешесінің әлеуметтік желіге саламын деп бопсалауын көтеріп жүре беруіміз керек пе» дейді. Қандай жақсы мамандар. Сол жерде жүрсе талай істі игерер еді, талай балаға ем жасар еді.

Емханада жұмыс жасағанда небір сорақылықты көрдік. Он жылдан кейін ЭКО арқылы нәрестe көтеріп, жұмыс үстінде көше аралап жүрген учаскелік медбикеге итін босатып жібергенді де білеміз. Қыс ауасы болып қалың күртенің арқасында аман қалды. Ал үй иесі «кім келіп тұрғанын қайдан білейік, бәлкім ұры шығар» деді. Міне, медицина қызметкерлерінің кей тұстағы жағдайына әділ баға берілуі керек.

Жасыратын несі бар, өздіөзімізге жанымыз ашымаса өзге келіп ешқашан жарылқамайды.

– Сұхбат алды пікірлестікте бүгінгінің ертең тарих екенін айтып қалдыңыз. Сол тарих қай қағаздың жүзінде қалғаны абзал?

– Менімше, ақылы дүниенің азуы оңай. Осы жерге күнде болмаса да күнәра түрлі ұйымдардан өкілдер келеді. «Өмірбаян, қызмет туралы жазайық, 100-150 мың теңге берсеңіз «жұлдыздар» санатына енесіз» дегенді айтады. Ол бізге не үшін керек? Сатып алған кітап, сатып алған атақ абырой емес.

Қазірдің өзінде ақпарат әлемінің ақ-қарасы айқындалып келе жатыр. Елдің дәстүрлі БАҚ қызметіне көзқарасы қайта оңала бастады. Солай болуы да заңдылық. Сондықтан тарихқа айналатын сөз бен іс сенімді құралда қатталуы тиіс.

– Ұл-қыздарыңыздың қай мамандықты таңдауын қалар едіңіз?

– Өзім ер баладан жалғыз болдым. Екі қарындасым бар. Әйелім өзіммен бірге медициналық университетті қызылға бітірді. Шын мәнінде оның кәсіби әлеуеті жоғары. Бірақ, ол менің еңбек жолыма таңдау жасады. 90 жастағы әжеміз бен ата-енесіне, балаларымызға қарап, үй шаруасын дөңгелентіп отыр. Ал ұл-қыздың өз қалауындағы білім, еңбек жолында жақсы ұстаздар кезігуін тілер едім.

Иә, бәрі де жаңа оқу жылының алдында білім берген, өмірлік жол сілтеген ұстаздар еңбегіне ой жүгірткеннен шығып жатыр ғой. Десе де, бүгінгі әңгіме-сұхбатымыз өзіңіз айтқандай салалық шеңберден еркін ой алмасуға екпін алған секілді.

Қазір облыстың медицина саласында атқарылып жатқан қыруар жұмыс бар. Оның жүзеге асу деңгейін елге жеткізуде өңірдегі БАҚ өкілдерінің, оның ішінде облыстық «Сыр бойы» газетінің ықпалы зор.

Айтқандай, басылымның 95 жылдық айтулы белесі құтты болсын!

– Рахмет! Қоғамның ең қымбат қазынасы – адам саулығы жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

> *Кейінгі жылдары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа деңгейге көтерілді. Тұрғын үйлер, мәдениет ордалары, денсаулық нысандары салынып, қаланы ғана емес, ауыл-аймақтың өзін абаттандыру іс-шаралары бұрын-соңды болмаған қарқынмен жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі халықтың көңіл-күйіне, денсаулығына тікелей әсер етеді. Бұл санатта біздің қандай да бір елге пайда әкеледі деген бастамаларымыз қолдаусыз қалған емес.*

Сұхбаттасқан
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТАҒЫЗЫМ

ҒҰМЫР ҚАУЫЗЫНДАҒЫ РУХ

Жаңақорған ауданындағы қазіргі Машбек ауылы – «табанының топырағын көзге сүртетін» дейтін қасиетті жер. Бұл ауылдан қызметін халқына арнаған қаншама ерлер шықты. Тәуелсіз еліміздің іргетасын қалаған тұлғалардың бірі, бес бірдей облысты, министрліктерді басқарған мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаев та осы топырақтан түлеген перзент еді.

Еңбекке еңкейіп, ел қуанышына марқайып, туған жерін түлеткен азаматтардың бірі, есімі Сыр жұртына мәлім Жарқынбек Сопбеков болатын.

Елдің талай нәубеті артта қалып, дүниенің әр жерінде аты суық соғыстың қаупі кезіп жүрген 1941 жылдың мамыр айында өмірге келген сәбиге атар таңнан жарқын күндер күткен ата-анасы Жарқынбек деп есім беріпті.

Сол кезде әкесі соғысқа аттанды. Алапат ажал өтінде үш жыл жүріп, 1944 жылдың көктемінде жараланып елге оралды. Сол бір көктем бұл ошақтың отын қайта тұтатып, жарқын келешегіне жол ашты. Әйткенмен, ол дәуір қарадомалақтарының «балалық шағы – патшаның тағы» бола алмады. Бала Жарқынбек шибарқыт нымша, шыт жейдемен шүберек сөмкесін сүйретіп, «Жаңарық» бастауыш мектебіне барды. Үртеков Түймеш ағай бір бөлмеде улап-шулап тығылысып отыратын үш кластың оқушыларына бір өзі сабақ беретін. Ауылдарында алты-жеті ғана үй бар. Кемпірдің тісіндей әр жерде сидиған қоржын тамдардан басқа көргені жоқ, мына әлемде не болып жатқанынан бейхабар балалар сабақтан шыға сала мал бағып, шөп орып, отын таситын. «Баланы жұмсағаның білінбейді» дейтін сөз сол кездікі. Өйткені, жұмыстың бәрін бала атқаратын. Қазір бала жұмсамаймыз, үй тірлігінде қол жұмыс та азайып кетті. Ол заманның заты бөлек-ті.

Бастауыш мектептен кейін ауыл балалары әр жаққа тарап кетті. Жарқынбек Жаңақорған мектебіне барды. Кішкентайынан кітапқұмар еді. Әр нәрсеге бейім, шешендікке әуес, өлең де жазатын. Ал спортқа тіпті жансебіл. Епті, әбжіл болып ержетті. Сондықтан әкесіне қолқанат, отбасына қамқор боламын деп кешкі мектепке ауысып, тепловоз жөндеу цехында слесарьлық жұмыс істеді.

1958 жылы мектепті үздік аяқтап, Ташкент теміржол институтына түсті. 1963 жылы институтты қызыл дипломмен бітіріп шықты. Жаңақорғанға келіп, теміржол депосына жұмысшы болып орналасты. Одан соң электриктің көмекшісі болды. Сол екі арада әскерге де барып қайтты. Жақсы қызметтерге де баруға болатын. Бірақ, сол уақытта, 1966 жылы өмірін өрісім деп балаларына арнаған, елдің ауырын арқаға салып бейнеттен бел жазбаған әкесі дүниеден өтті. Сондықтан анасы мен өзінен кейінгі алты бауырын асырауды, оларды жетілдіруді үйдің үлкені Жарқынбек өз міндетім деп санады. Сондықтан іні-қарындастары өзін ағамыз емес, әкеміз болды деп құрметтейді.

Электриктің көмекшісі болып жұмысқа тұру былайша қызыл диплом алып келген жас жігітке қол емес-ті. Бірақ Жарқынбек қызметті емес, әкеден қалған аманаттай отбасы қамын ойлады.

Әкесі Байкенже 1906 жылғы еді, соғыстан соң көп жыл колхоздың малын бақты. Ағайынға жаққан адал, кеңпейіл, қолы жомарт, жолы таза бұл кісі туралы кейінгілердің аузында «Байкенже үйіне сәлем бере барған ағайынға тайынша-торпақ жетектетіп жіберетін» дейтін сөз қалған.

Әкеден келген сол қасиет ұрпағына ауысты. Жарқынбек те жан-жағына мейір танытып, үзілгенді жалғап жүретін жақсы адам атанды. Оның баласы, Қызылордаға белгілі кәсіпкер Нұрымжан Сопбеков те талай мұқтажға қол созып, қамқорлық танытып, жолынан жығылған жоқ.

Сөйтіп, Жарқынбек азамат жасына аттады.

Жаны қалаған Сунақ аталығының қызы Мәрзиямен отау құрды. Қарапайым тірлік тертесін тартып, бауырларын жұрт қатарына қосты. Біраз уақыт дариядан егістік арналарға су айдайтын чехиялық «сусорғы кеменің» капитаны болып жұмыс істеді. Бұл жұмыстағы жауапты тұлғаны капитан деп атайтын. Капитан десе дегендей, ауылдың қажетін, ағайынның зәрулігін өзі бастап жүріп, іске асыратын.

Ал қызмет оны өзі іздеп тапты. 1973 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бұйрығымен Түркістан совхозының бас инженері болып тағайындалды. Осы жұмыста ол елшіл, қоғамшыл, өз ісіне берілген біліктілігімен алға озды. Шаруашылықтың жұмыс нәтижесін тиімді көтерудің әдістерін жан-жақты меңгерді. Еңбектен қол үзбей жүріп, Алматы ауыл шаруашылығы институтын оқып, бітірді. Бұл төңіректе Жарқынбекке дейін екі институт оқыған адам жоқ еді.

Жұмыстан тыс уақытта жастар арасында волейбол ойынын ұйымдастырып, ауданаралық жарыстарға қатыстырды. Осы жылдарда облыс көлеміндегі волейболдан ең мықты команда Жаңақорғанда болатын.

Мұнан соң Жәкең ағамыз «Қандөзде», «Өзгентте» және туған ауылы «Ақжолда» қырман мен гараж меңгерушісі болды. Бұл – шаруашылықтың жүрегі саналатын барлық техниканың қожайыны деген сөз. Сол кездері совхоз директорларының өзі гараж меңгерушілерімен санасатын.

Көп оқитындығы Жарқынбектің өміріне жарқын парақтар ашты. Білетіні көп, қай жерге барса сөзі өтімді. Ауылдағы Машбек Сапарбайұлы, Бексаба Қыдырбаев, Әмірбек Бөлеков секілді абыз ақсақалдардың өсиетін санаға түйіп, елге қамқор болуды естен шығармады. Жоқ қараған адам да Жарқынбекке келіп жөн сұрайтын.

Ата-баба шежіресін шегендеп айтатын. Кейде өз руы Қоңыраттан асып, Қыпшақ пен Арғынның тарихына бойлап: «Несіне шежіреге таласасың, Арғыннан ары барсаң, адасасың» деп Мәшһүр Жүсіптің нақылына тоқтайтын.

Өмір дегенің есік пен төр арасындай-ақ. Ел-жұртына ерек тұлға, өмір өнегесімен ұрпақ тәрбиешісі болған, 1200 жан тұратын Машбек ауылының марқасқа азаматы, ардақты әке, асыл ата Жарқынбек Байкенжеұлы да иықтап келіп, ұйықтап кеткендердің соңынан көш түзеді.

Жарқынбек әке мен Мәрзия анадан тараған ұрпақ бір-бір оттың егесі, елге аты белгілі азаматтар қатарына қосылды. Қызы – Ақмарал Сопбекова, Жаңақорғандағы №51 орта мектепте ұстаз, одан кейінгі ұл Қайрат Сопбеков кәсіпкер, Алматыда тұрады. Нұрымжан Сопбеков – белгілі кәсіпкер, облыстық мәслихаттың депутаты, Ғалымжан Жарқынбекұлы – Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы. Үйдің кенжесі Жомарт Сопбеков – «Қызылқұм» серіктестігінде есеп қызметкері.

Бес перзент қарашаңыраққа жиналып, ата-аналарына ас беріп отырады. Бұл – сол үлкендердің өздерінен қалған өнеге.

Біз де жақында жолымыз түсіп, Сопбековтер отбасында болдық. Жарқынбек әке әулетінің жарасты бірлігін көрдік. Енді осы бір асыл жанның рухы ұрпақ ғұмырының қауызында мәңгі көктеп тұратынын сездік.

Сосын Қорасан ата қорымында жатқан аруақтарға дұға бағыштап қайттық.

Теріскен көлінің мөлдіреген көзі мен Қаратаудан ағындаған ақжібек самал маңдайдан сүйіп, көңілімізді демеді. Мүмкін әулие топырағының қуаты шығар...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Қара кеттеннің иесі

Ақ күріштің атасы, даңғайыр диқан Ыбырай Жақаевтың шәкірті, ізбасары, еңбек және тыл ардагері, бірнеше марапаттың, қара кеттеннің иесі Асанұлы Арғынбай аға туралы ойларымды талғам таразысына салып, қолыма қалам алдым.

Қызметтегі тазалық пен әділ шешімдер қай кезде де басшылықтың абыройы мен беделін биіктететіні белгілі. Оған қарамастан бір ғұламаның айтқаны еске түседі. «Табиғатта тек бүркіттер ғана өмір сүрмейді. Одан әлсіздеу құстар да бар ғой. Мысалы, қараторғай» деген.

Мұхтар Әуезов «Адамда екі түрлі қылықтың бары анық» дейді. Осылар менің кейіпкерімде бар болатын. Біріншісі – адамгершілік. Екіншісі – күнделікті тіршілік қамы. Азаннан кешке дейін егінді баптаудан басқа ойы жоқ, күріштен межеге жету. Бұл да – өнер. Өнердің өнері.

Арғынбай Ыбырай шәкірттерінің алдыңғы сапында болды. Колхоз түгілі ауданның алдыңғы күрішшілерінің тобынан түскен жоқ. Үйі Ыбекеңмен көрші. Басқаға ол қызық емес шығар, бұл кісілердің әңгімелесе қалса айтатыны күріш жағдайы еді.

Колхоз басшылары, агрономдар Күріш ғылыми-зерттеу институтымен тығыз байланыста болды. Ертеректе Ыбырай Жақаевпен арнайы жұмыс жасаған Әнес Алтынбеков Арекеңді көріп, күрішін аралап, жаңа сорт «Кубан-3»-ті егуді арнайы тапсырды. Кейіннен «Узрос», «Лиман», «Ақ маржан» сорттары егілетін болды. «Ақ маржанды» жергілікті ғалым-селекционер Құрманбек Бәкірұлы шығарды. Шиелідегі Ы.Жақаев атындағы күрішшілер мектебі маман даярлады. Арғынбай аға да барып білімін шыңдады, тәжірибе алмасты. Алғашқы кезде колхоздың агрономы Мұстафа Тәжіков еді. Кейін колхоз бастықтары Мәулен Рахметов, Рахмет Нұрекеев, Қазбек Оспанов, Әнуар Кенбаев, Мұхит Смайлов, агрономдар Сейілбек Асқаров, Сейілбек Жақаев, Омархан Пәшкеновпен күріш жөнінде бас қосқан жиындарда ақыл-кеңестерін тыңдады, оны іске асырды.

Арғынбай аға бесжылдықтардың, жетіжылдықтардың еңбек адамына қойған тапсырмаларын мүлтіксіз орындады. Жоғарғы өнімге қол жеткізіп, шәкірт тәрбиеледі. Күріштің әр гектарынан жоғары өнім алған Серікбай Бегалиев, Күлімхан Бекжігітова, Серікбай Сейтімханов, Әмір Бөпежановқа ағалық қамқорлығын аяған жоқ. Өз бригадасында Ыбекеңнен кейінгі орынды алып отырды.

Ұлы Абай «Адамнан адамның артықшылығы – білімінде» дегендей жаңалықтардың жаршысы бола білді. Күрішшіге тапсырма беру – мол өнім жинаудың, межені орындаудың кепілі. Күндіз-түні еңбек етті. Жұмысы тиянақты, іске адал, өзінің сөзімен, мінезімен, сенімімен, білімімен елге сыйлы болды. Елін, халқын сыйлады. Олар оны сыйлады. Жаратылысынан сүйегі мықты, қаны да, жаны да тәртіпті адам. Колхоз өміріне адал. Мәнді де сәнді, мақсатты өмір сүрді.

«Даңқ» орденін аларда ауданның сол кездегі бірінші хатшысы Орынбасар Бәйімбетов, Қален Әбдешов, Тастанбек Түкібаев орденді қырман басында тапсырды.

Бұл кісінің байлығы да, бақыты да, құты мен берекесі де Тұрсынкүл апам болды. Алпыс үш жыл қарашаңырақта күтіп, аялап баптады.

Апай Арекеңмен бірге отыз жылдан астам күріш екті. Дүниеге он ұл мен қыз әкелді. Батыр Ана атанды. Барлығы өмірдің сан саласында, үйлі-жайлы, өз орындарын тапқан азаматтар. Ұлдардан Әуезхан, Батырхан, Асылхан, Бақытжан – күрішшілер. «Таңат» шаруа қожалығы бар. Арекең мен апайдан қырық немере, қырық алты шөбере тарады. 2002 жылы екеуінің Алтын тойы өтті. Биыл республикалық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, Шиелі ауданы бойынша бірінші орынды, облыстық байқауда үшінші орынды иеленді. Ұрпақтары футбол командасын құрған. «Бір атаның балалары футбол ойнайды» командасы Тараз қаласында ойнап, Қазақстан бойынша елу алты команда арасынан жүлделі төртінші орынды иеленді.

Бүгінгі әңгіміміздің бас кейіпкері Арғынбай Асанов – бар асыл қасиетті бойына жинап-сіңіру арқылы осындай еңбек жолынан, өмір мектебінен өткен, туған жерге тер төккен азамат.

Еңбекке деген ақыл-парасаттың, күш-жігердің, табандылықтың үлгісін көрсеткен еңбек адамына көше атауын беру игілікті іс болары сөзсіз.

Сәруар ЕСЕНҚҰЛОВ,
еңбек ардагері

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «13» қыркүйек 2024 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді.
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «13» сентября 2024 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	2-х комнатная квартира/ 2 бөлмелі пәтер	г. Кызылорда, мкр. Акмечеть д. 28, кв. 32 Қызылорда қаласы, Ақмешіт м.а. 28 үй, 32 пәтер	общей площадью – 47,8 кв.м., жилой площадью – 29,7 кв.м., жалпы ауданы 47,8 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 29,7 ш.м.	8 423 603 тенге/теңге	421 180 тенге /теңге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК KCJBKZKX, ИИК KZ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 17 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Смайыл М.Ә.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212, 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтурсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК KCJBKZKX, ИИК KZ218560000000274901.

Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул.Байтурсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 17 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Смайыл М.Ә.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212, 87479358394.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «13» қыркүйек 2024 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді.
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «13» сентября 2024 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Жилой дом/Тұрғын үй	г. Кызылорда, ул. Балкы Базар д. 31 Қызылорда қаласы, Балқы Базар 31 үй	общей площадью – 161,5 кв.м., жилой площадью – 77,6 кв.м., жалпы ауданы 161,5 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 77,6 ш.м.	20 013 068 тенге/теңге	1 000 653,40 тенге /теңге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК KCJBKZKX, ИИК KZ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Смайыл М.Ә.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212, 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтурсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК KCJBKZKX, ИИК KZ218560000000274901.

Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул.Байтурсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Смайыл М.Ә.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212, 87479358394.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Сондықтан, олардың үлгісін дәріптеп, тағылымын көпке тарату маңызды. Биылғы конкурс нәтижесімен 16 отбасы үздіктер қатарынан табылды. Барлығы – өскен-өнген әулеттер мен шаңырақтар. Өңірлік комиссияның шешімімен Төлеміс Бектаевтың отбасы республикалық конкурста облысымыздың мерейін үстем етеді. Бүгінгі мерейлі күнде шаңырағында ізгі қарым-қатынас, игі дәстүрлер сақталып, өзара сыйластық салтанат құрған барлығыңызға ризашылығымызды білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы облыс көлемінде отбасыларға әлеуметтік көмек үздіксіз көрсетіліп, ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі жыл сайын артып келе жатқанын атап өтті. Айталық, өңірде аналардың 17 мыңға жуығы – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлері, 34 мыңға жуығы – көпбалалы. Оларға ай сайын 2 млрд 85 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы төленіп отыр.

Жас отбасыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында жыл басында 60 жас отбасы қоныс тойын тойласа, жақын күндері 40 жас отбасына пәтер кілттері табысталады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектептің құрылысы жоспарланған, 10-ы биыл пайдалануға беріледі. Жас ұрпақты сапалы білім, саламатты өмір салтына қалыптастыру бағытында физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледж ғимараты, Шығармашылық академиясы, 10 мың орындық стадион, үстел теннисі орталығы, сондай-ақ, 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынуда.

Аймақ басшысы отбасы құндылығын нығайтып, жас ұрпақтың бақытты болашағын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың әлі де үздіксіз әрі қарқынды түрде жүргізілетінін айтты.

«Мерейлі отбасы» байқауының жүлделі III орын иегері – Сырдария ауданынан қатысқан Есекеевтер отбасы. Әулеттің шуағы, балалардың анасы Бағдагүл Есекеева 1942 жылы Тереңөзек ауданында дүниеге келген. 1961 жылы Әкімсал Есекейұлымен отбасын құрып, сол уақыттан бастап ауыл шаруашылығы саласында 40 жыл еңбек еткен. Екі мәрте С.Сейфуллин ауылдық кеңес депутаты болып сайланған. Бүгінде ауылдық клуб жанынан құрылған «Жан шуағы» әжелер ансамблінің белді мүшесі. «Алтын алқа», Кеңес одағының Батыр аналарға беретін «Алтын жұлдызының» иегері. Он бала тәрбиелеп-өсіріп, отыздан аса немере, екі шөбере сүйіп отырған ұлағатты ана. Жеңімпаздар қатарынан көрінген Есекеевтер отбасы 200 мың теңге иеленді.

Жүлделі II орын иегері – Қызылорда қаласынан қатысқан Жарқынбековтер отбасы. Отбасының бәйтерегі Жарқынбек Әбілпейісов 1951 жылы Жаңақорған ауданы «Октябрь» совхозында дүниеге келген. Ұзақ жылдар егін шаруашылығымен айналысып, зейнетке шыққан. Ал жұбайы Тілләшбүбі Ибрагимова 1954 жылы Өзбекстан Республикасында өмірге келген. 1968 жылы Жаңақорған ауданына қоныс аударып, Жарқынбек Әбілпейісовпен шаңырақ көтереді. Отбасында он бір бала өмірге әкеліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, олардан 50-ден аса немере, он төрт шөбере сүйіп отырған бақытты ата-әже. Екінші орын иегеріне 300 мың теңге табысталды.

Ал I орын иегері – Жаңақорған ауданының Мырзабаевтар отбасы. Шаңырақтың тірегі Арыстанбай Мырзабаев ауыл шаруашылығымен айналысқан. Аудандық, облыстық мәслихат депутаты болған, бірнеше мәрте Бүкілодақтық социалистік жарыстардың жеңімпазы, «Құрмет» дипломымен марапатталған. Еңбек ардагері Арыстанбай ата мен Батыр ана Гүлбазар әжейдің өсіріп жеткізген ұрпақтары да адал еңбектің бағасын біліп, қоғамның сан саласында белсенді қызмет етіп келеді. Заман талабына сай жеке кәсіпкерлікті де игеріп отыр. Отбасындағы он екі баладан қырық жеті немере, қырыққа жуық шөбере сүйіп отырған қос қария – ұрпақтарының құрметіне бөленген қадірлі жандар. Облыстық байқауда Мырзабаевтар отбасы 400 мың теңгелік жүлдені иеленді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде бас жүлдені иеленген Жалағаш ауданынан келген Бектаевтар отбасына облыс әкімі 500 мың теңгенің сертификатын табыстады. Отанасы Сәнімқүл Әшірбекова 1982-1985 жылдары Халық депутаттары облыстық кеңесіне депутат болып сайланған. Балалары қоғамның түрлі саласында қызмет етеді. Он бір бала, қырық үш немере, 66 шөбере, екі шөпшек сүйіп отырған, елі сыйлаған мерейлі отбасы. Айта кетейік, Бектаевтар отбасы байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды.

Байқауға қатысушылар арасында «Өнегелі отбасы» – Байқадамовтар (Қазалы ауданы), «Үлгілі отбасы» – Төреқожаевтар (Жаңақорған ауданы), «Ұлағатты отбасы» – Әбішбаевтар (Шиелі ауданы), «Ынтымақты отбасы» – Әбдіқалиевтер (Қармақшы ауданы), «Өнерлі отбасы» – Досмамбетовтер (Арал ауданы), «Берекелі отбасы» аталымын Жайсаңбаевтар (Қызылорда қаласы) иеленді. Сонымен қатар, қармақшылық Пірдашевтер «Еңбекқор отбасы», сырдариялық Шербатшаевтар «Жігерлі отбасы», аралдық Шалбаевтар «Кемел отбасы», шиелілік Мырзабаевтар «Шуақты отбасы», қазалылық Шәкішевтер «Бәйтерек отбасы», ал жалағаштық Әзмахановтарға «Мәуелі отбасы» аталымы табысталды. Салтанатты кеш мерейлі отбасылардың құрметіне арналған мерекелік концертке ұласты.

Айта кетейік, биыл оныншы рет өткізіліп отырған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жалпыұлттық, республикалық шараға айналып үлгерді. Біздің аймақта да ұрпақтар сабақтастығының тінін бұзбай, алтын арқауын жалғап келе жатқан шаңырақтар аз емес. Соның дәлелі, осы уақытқа дейін «Мерейлі отбасы» байқауына облыстан 2500-ге жуық отбасы қатысқан. Бүгінде байқауға қатысуға ниет білдіргендердің белсенділігі жөнінде Қызылорда облысы республикада алдыңғы қатарда тұрақтаған.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 10 томдығы сатылымға түсті

Ұлтымыздың дана перзенттерінің бірі, ағартушы, шежіреші, көрнекті ақын, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 10 томдығы сатылымға шықты. Көптомдықта көзі тірісінде-ақ халық арасында әулие атанған рухани қайраткердің өлеңдері мен риуаяттары, дастандары топтастырылған.

Сатып аламын деушілер 8 (775) 863-43-45 телефонына WatsApp арқылы хабарласуға болады.

ШАЙЫРДЫҢ СОҢҒЫ ӨСИЕТ-ЖЫРЫ

1929 жылдың күзінде Қазалы қаласында Бостыбайұлы Өтеген есімді халыққа қайырымды атақты бай 100 үй тігіп, 100 ірі қара сойып, атабабасына бағыштап үлкен ас береді. Асқа Ақтөбе мен Қармақшы аралығынан мыңдаған адам шақырылып, палуандар күресі, аламан ат бәйгесі, ақын-жыраулар сайысы өтетін болыпты. Байназар Өтепов, Нұрсұлтан Жұбатов, Жамал Қонақбаев сынды ақындар, Арал-Қазалы өңірінен Жаңаберген, Жаппарберді, Кәрібоз, Дәріқұл, Жәмет жыраулар шақырылады. Бұл Нұртуған шайырдың ауруға тап болып, «Мырзас» көлінің жағасына шатыр тіктіріп, «өзіміздің ел қорғаған Сартай, Жанқожа, Ақтан, Жылқаман, Жылқайдар батырларымыз тұрғанда сонау сары ноғайдың батырларын жырға қосып, содан болды ма жазылмас ауруға тап болғаным» деп мұңға батып жатқан кезі екен.

Жаңаберген бастаған жыраулар Қазалыдағы асқа әуелі қамкөңіл болып жатқан ұстаздары Нұртуғанға барып сәлем беріп, батасын алып аттанбақшы болып «Мырзасқа» келіп тоғысады. Олар ізетпен келіп, кезекпен сәлем бергенде төсек тартып жатқан Нұртуғанның бетіне қан жүгіріп, қатты қуанады. Жыраулар оның бір-бір жыр-термесін орындап, көңілін көтеріп, сапар мақсатын айтып, ақ батасын сұрайды.

Шәкірттерінің ықыласына, адал ниетіне қатты риза болып, қуаттанып қалған Нұртуған басын көтеріп ақтарыла ақ батасын береді. Сөйтіп басындағы жастығының астынан бір парақ қағазды суырып алып, «жолдарың болсын, Ғайып Ерен Қырық Шілтен қорғаныштарың болсын. Мынау соңғы жазған жазбаларымның бірі еді. Осы жырымды ертең Қазалыда болатын аста реті келгенде жиналған халық алдында біреуің орындап берсендер» деп өтініш етеді.

Әуелі туған бөлесі Дәріқұл жырау «қанеки, мен көрейін» деп қағазды қол созып алып оқиды. Сөйтсе, «Құлақ сал әсіретке уа, Алашым!» деген кер заманның келеңсіз істерін бағамдап, болашағын болжап жазған жыры екен. Оқып болып ләм-мим демей, келесі жырауға ұсынады. Ол кезде шаш ал десе, бас алатын «үштік» деген бәле, тырнақ астынан кір іздеген, сөз аңдыған сатқындар бар. Солардан қорыққан жыраулар да үндемей қалады.

Ал Нұртуған төсекке қайта шөге бастайды. Сол сәтте жиені Жәмет жырау ең жасы, ер көңілді батыл жігіт екен «мен айтамын! Нұрекеңнен қалған жан, тәуекел!» деп еңкейіп келіп қағазды алады. Сонда шайыр қайта басын көтеріп «Жәметжан, бұл өлеңді айтқанда, тіміскіленіп жүретін «үштіктің» адамдары келіп сені ұстап алуы мүмкін. Сонда «Бұл өлең менікі емес, Нұртуған деген баскесер бір түнде он шақты адамымен келіп байлап алып, «Мырзас» көлінің жағасына апарып, тамағыма қанжарын тақап тұрып «мына өлеңді ертең Қазалыда болатын үлкен аста орындайсың. Орындамасаң түбінде қатын, балашағаңды осы жерге әкеліп көзіңше бауыздап, артынан өзіңді бауыздаймын!» деді. Жан үшін қорыққаннан айттым деп шырылда! Ал сендер айнала қоршап, оның растығын дәлелдеп, жібермей тұрыңдар. Маған келе қойса, төрімнен көрім жақын жатқан адаммын ғой» деп ақжол тілеп аттандырады.

Жәмет жолда келе жатып бас-аяғы алты шумақ жырды жаттап алып, оны тез орындап шығатын төкпе мақам іздейді. Өзі білетін мақамдардан оған лайық ертерек өткен Бижан жыраудың төкпе мақамы дәл келіп үйлесе кетеді. Кең ауқымда, дүрілдеп өткен асқа аламан ат бәйгесіне желден жүйрік тұлпарлар қосқан шабандоздар, айтулы түйе палуандар, арқалы ақын, жыраулар қатысып, өнер көрсетеді. Арал өңірінен келген ақын-жыраулар Нұртуғанның, өздерінің жауһар жыр-термелерін, асқақ үнді әсем ән-мақамдарын жырлап, жиналған халықты дүр сілкіндіріп ықылас-шаттыққа бөлейді. Кезек Жәмет жырауға келгенде батырға да жан керек дегендей, Нұртуғанның «Құлақ сал әсіретке, уа Алашым!» термесін Бижан жыраудың төкпе мақамымен Тәңірге сыйынып, тез-тез төгіп айтып шығады. Айтқандай, бола берген кезде «үштіктің» тыңшылары келіп ұстайды. Ұстазы Нұртуғанның берген ақыл-кеңесін қолданып және айнала қоршаған атақты ақын-жыраулардың көмегімен олардан зорға құтылып, бәрі де ауылдарына абырой-табыспен оралады. Ал бұл жырға тыйым салынып, мақам белгісіз болып, осы кезге дейін айтылмай, ешкімнің есінде қалмаған. Тек құймақұлақ ұстазым Үмбетәлі жырау арқылы маған жетіп, менің ұлым, музыка зерттеушісі Жандос Сыдықовтың Арал, Қазалы өңірі жырауларының ән-мақамдарын жинақтап шығарған «Жыр мәйегі – мақам» атты ғылыми кітабы арқылы халықтың рухани асыл қазынасына қайта қосылып байытты. Бұл өсиет-жыр 1994 жылы менің орындауымда Қазақстан телеарнасының «Алтын қорына» қабылданды.

ҚҰЛАҚ САЛ ӘСІРЕТКЕ, УА АЛАШЫМ!
Нұртуған Кенжеғұлұлының соңғы өсиет-жыры

Құлақ сал әсіретке, уа Алашым!
Бұл сөзім кең даланы араласын.
Бір тиын ақылсызға жоқ керегі,
Пікірлік қымбатсынбай
мұны аласың.
Аюдың ақ дәрісі пұлы қымбат,
Жүректің ішсе жазады
дақ жарасын.
Ұлтына дегдар асыл тек тұрмайды,
Теңгерді бір нәсілсіз аттың басын!
Қарқылдап қара қарға
жүр шалықтап,
Аққудың есіттірмей ауазасын!
Ақ үйрек, мұздыбалақ
қайбыртіп жүр,
Меңгеріп көлдің құсын
қара лашын.
Құладүн күйге келіп ку ілгесін,
Алтайы тасалап жүр тау жырасын!
Текірек-шоқыраққа көзім түседі,
Байқатпайды көкмойынның
шын жорғасы.
Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Күміс деп ұстағаным
құр қорғасын!
Заманың астаң-кестең
бұлты айналса,
Басында кетсе қалам неғыласың?
Отырып қали жайда жазсам қағаз,
Не жаман, не жақсыны айырасың!

1929 жыл

Мұрат СЫДЫҚОВ
Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері,
Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі,
ҚР мәдениет қайраткері, күйші-композитор, ақын-жырау

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

БӘЙГЕ БӘСЕКЕСІНДЕГІ БЕРЕКЕ

Қызылорда қаласының КБИ шағын ауданының сыртында ат бәйгесі өтті. Ат жарыс сексеннің сеңгіріндегі Байтұрсын ата батасымен басталды. «Бәйгеқұм», Абай, «Шаған», Н.Ілиясов ауылынан келген шабандоздар ұшқыр бәйге, тай бәйге жарыстарында сынға түсті.

Бәйгені Шиелі ауданының құрметті азаматы, қаламгер-журналист Жүзбай Таңрықбаев марқұм әкесі Ыбырақым мен өмірден өткен бауырлары Мыңжасар мен Тұрманды еске түсіруге арнап берді.

1902 жылы өмірге келген еңбек және тыл ардагері Ыбырақым Таңрықбаев – «Тасшоқы», «Ақтоған», «Жалғызжал», «Жаңақоныс» секілді колхоздардың құрылуына еңбек сіңірген, ел көсегесін көгерткен азаматтардың бірі. «Құмсуат» колхозында бригадир, колхоз төрағасының орынбасары, колхоз бастығы болған. Партия ұйымының хатшысы, ревкомиссия төрағасы секілді қызметтерді атқарған. Колхоздар біріктіріліп, шаруашылық ірілендірілгенде совхоз директорының орынбасары, одан кейін жылқы фермасының меңгерушісі болып, осы жұмысынан зейнетке шыққан. ҚР Құрмет грамотасымен марапатталған.

Тай бәйгеде Бегалы ақсақал баптаған күрең қасқа бірінші болып келді. Сондай-ақ Ислам Спанов, Бексейіт Иманбердиевтің жүйріктері алдыңғы саптан көрінді. Ұшқыр бәйгеде бәйгеқұмдық аттар алдына қара салмады.

«Жеңілген палуанға да бәйге берем, адалдығы сезіліп тұрар болса» дегендей, жүйріктердің бәріне жүлде берілді. Басты мақсат – аруақтарды еске алып, ел-жұрттың ағайындық арақатысы мен бірлігін бекемдей түсу деген қағида алға шықты.

Бәйгемен бірге көкпар тартылып, соңынан жиналған қауымға ас беріліп, аруақтарға Құран бағышталды.

«Көптен әкемнің рухына ас беруді ойлап жүр едім. Оны өзіме қатысты ағайын ішінде ғана өткізбей, алыс-жақынды шақырып, үлкен шара есебінде атқарып шықтым. Бұл әрі ат өнерін дамыта түсуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға сеп болып жатса, менің де ұрпақ тәрбиесіне қосқан бір үлесім деп есептеймін», – деді көпшілікке алғыс айтқан Ж.Таңрықбаев.

Шын мәнінде ат жарыс шарасы ауыл-аймақтың көңіл-күйін көтеріп, рухани серпіліс сыйлады.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23122 | Тапсырыс №1355 | Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**